№36 [42] / Тамыз / 2021

SARASÓZ



Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Бас редактордың орынбасары
Гүлсім ЕЛУБАЙ

Дизайны: **Бекжігіт Сердәлі**
Қатегері: **Мөлдір Тәукебаева**
SMM-менеджер: **Еңлік Қалдархан**
Суретші: **Мұрат Шаханбай**

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: +7 702 839 86 88, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді
меншік иесі:
ЖК «Қыдықбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

САРАСӨЗ









4-БЕТ



ЖАҢА КІТАП

ТЫҢ ТАЛПЫНЫС, ЖАҢА ЖҮЙЕ

7-БЕТ



ЕЛ ІШІ - ӨНЕР КЕНІШІ

СУРЕТШІ СЫРЫ

15-БЕТ

БҮГІНГІ ӘҢГІМЕ

STBAR МАРТИНИ-БАРЫНДА



22-БЕТ

ОЙТҰМАР

ҚҰДАЙДЫҢ БІЗГЕ БЕРГЕН СЫЙЫ - АБАЙ



ТҮБІ БІР ТҮРКІ

ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ДҮЙСЕНІ

«Мені жұрт «жақсыдан қалған көз» дейді,
Мені жұрт «жақсыдан қалған сөз» дейді.
Жаман болсам – төзбейді,
«Жақсыдан –жаман туған ез» дейді...»
М.Мақатаев.

ТҮРКІНІҢ ТАМЫРЫНАН НӘР АЛЫП, АЛАШТЫҢ АРМАНЫН АРҚАЛАҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҰЛЫ

ДҮЙСЕН ҚОРАБАЙҰЛЫ ҚАСЕЙІНОВ

ЖАЙЛЫ ЖАРИЯ СӨЗ

Жазарман өз кейіпкерін терең танымаса, жақсы көрмесе, тәуір дүниенің түзілуі – екіталай. Кейіпкеріңнің ішкі әлеміне қаныққан сайын тәнті боласың. Адамдығына, іскерлігіне, кісілігіне, кішіпейілдігіне разы болдым...
Кейіпкердің ақиқатына жетер жол – мехнат. Тәуекелге бел будым. Бәлкім, мұның ақырында қайырлы іс жатыр. Соған сендім.

Дүйсен Қорабайұлын жақынырақ біліп, тереңірек тануым, сұқбат құруым – бір кітапқа жүк боларлық сапар болды...

...Қызара атқан таңмен таласып, Анадолыға ұшып кеттік.

Көңіл күпті болмағанымен, толқулы. Қалай болады, не болады? Көк аспанда ұшқан алты сағат осыған дейінгі өмірімді көз алдымнан өткізуге мүмкіндік берді.

Әрине, қоғамдық теңсіздіктер мен әпербақан әділетсіздіктерді кәрі тарихтың еншісіне қалдырайық. Тағы бір тәуекелге бел буған, өмірге ерекше ынтызар Гүлжазымды көріп, көңіл бір орнына түскендей...

TÜRKSOY
TÜRK KÜLTÜR VE SANATLARI ORTAK YÖNETİMİ



МҰЗБАЛАҚ АҚЫННЫҢ МЕРЕЙІ немесе КАСТАМОНУ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТІ

Иә, өзім көрген бес күнді бес ғасыр жырлайтын болармын. Бір мүшел уақыттың ішінде ТҮРКСОЙ мен Дүйсен Қорабайұлы егіз ұғымға айналып үлгерді. Мұның артында қаншалықты қажырлы еңбек, терең ой, ілкімді іскерлік, кеткен денсаулық, берген жүйке жатыр?

Дүйсен Қорабайұлы өз сөзінде: «ТҮРКСОЙ-ға жүрегімді де бердім» деді. «Егіз ұғымға айналдыру» айтқанға оңай...

Оңайдың бәрін – ауырға да айналдырып, ауырдың түгелін – жеңілдетуге шебер Мұқаш ағамыздың жәрдеміне жүгіндік...

«Егер де айта алмасам айтарымды,
Алжыдым, ақылымды сайтан ұрды.
Қынына қылышымды салам онда,
Ақ жүзі алмасымның қайтарылды.
Егер де айтып кетсем айтарымды,
Ақылым арнасына қайта кірді.
Қынынан қылышымды алам онда,
Қағамын албастымды, сайтаныңды!
Бітті серт, кегім менің қайтарылды!

...Ырқыңа сенің деген көнігі келдім,
Енді сен ерік бергін, ерік бергін!
Сөзден өлген атамды тірілтпесем,
Қос мені қатарына өліктердің.
Бәріміздің бабамыз сөзден өлген,
Өнердің кереметін сөзбен өрген.
Мен тынбаймын солардың кегін алмай,
Сен мені салыстырма өзгелермен!
Қалай да айтарымды айтып өлем,
Айта алмасам, жасайды қайтіп өлең?
Тәңірім мені қоңсы қондырмағай,
Тіл білмес дуанамен.
Шайлыменен».

Міне, осылай. Ал, нақты шаруа жасау үшін талай тағдырлы шешімдер қабылданды, оның барлығы адамның нәзік жаны мен жұдырықтай жүрегіне айтарлықтай салмақ салса, жүректі бермегенде қайтсін?!.

***

Мұзбалақ ақын Мұқағалидің 90 жылдығына орай ТҮРКСОЙ халықара-

лық ұйымы оның өлеңдерін 6 тілге (түрік, қырғыз, әзербайжан, өзбек, түркмен, башқұрт) аударып, 7 тілде кітап бастырған. Торқалы той осы кітаптың төңірегінде өрбіді. Бізге бұл тойдың куәсі болу бақыты бұйырды. Алғашқы шара Кастамону провинциясынан бастау алды.

Шіркін-ай деші, туған топырақты әр ақын жырға қосар, бірақ, Мұқағалидай шын сүйіп, шынайы жырлайтыны тым кем шығар...

«Таныс өлке,
Таныс аймақ,
Таныс маң:
Анау жерде – құрбылармен алысқам,
Анау жерде -–құрбы жанмен табысқам.
Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,
Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан,
Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.

Шабындықтар,
Егістіктер,
Тоғайлар.
Төбелердің төбесінде – көк айдар.
Ақ сағыммен араласып, аулаққа,
Сағым болып бара жатыр көп ойлар...

Кастамону – Анкарадан 230 шақырымда жатқан тау арасындағы ғажайып мекен. 18 ғасырда құрылған қала антикалық дәуірде Тимонион деп аталған. б.з.д. 1 ғасырда Рим жаулап алып, Византия империясына кірген. 1070 жылы кіші Азияның көптеген қалаларымен қоса түрік-селжуктер Кастамонды да басып алады. Жарты ғасыр өткен соң, яғни, 1133 жылы Иоанне II кезеңінде Византия өздеріне тағы да қайтарып алды. 13 ғасырдың басында Византия құлап, Кастамон селжуктердің иелігіне кері өтеді.

Айтулы іс-шараға марқасқа Мұқағали ақынның ұлы Жұлдыз Мақатаев пен Қордың төрайымы әрі шайырдың келіні Бақытгүл Айдарова, қазақтың Мәдениет және спорт министрлігі мен Алматы облысы әкімдігінің өкілдері және провинцияның зиялы қауымы қатысты.

Жеті тілде жарық көрген жинақтың тұсаукесер рәсімі Түркияның Кастамону қаласында өтуі тегін емес. Бұл шағын шаһар – біздің Түркістан сияқты 2018 жылы «түркі елдерінің мәдени астанасы» болып таңдалған. Мұқағалиді түрікше сөйлеткен Кенан Чарбоғаның айтуынша, ақынның өлеңдерін аудару оңай болмаған. «Сезімтал шайырдың ішкі ойын дөп жеткізу үшін оны терең түсіну қажет» дейді. Кенан Чарбоға Түркиенің танымал ақындарының бірегейі. Абай мен Жамбылды да түгел түркі жұртына сапалы аудармасы арқылы таныта алды.

Кенан Чарбоға өз сөзінде: *«Мұқағали шығармалары Түркияда аса танымал емес еді. Мен оның өлеңдерімен осыдан 5-6 жыл бұрын ғана алғаш рет таныстым. Осыдан кейін Мұқағалиды түрік оқырманымен таныстыру қажеттігін түсіндім. Оның өлеңдерінде махаббат та, дерт те, Отан да бар. Сондықтан, Мұқағалидың өлеңдері ерекше».*

Түркияға арнайы шақырылған ақынның ұлы мен келіні осы шараға мұрындық болған Кастамону қаласының әкіміне ақын атындағы төсбелгі тағып, разы көңіл, алғыстарын айтты. Өз кезегінде Қазақстаннан келген қонақтарға да бауырлас елдің атынан сый-сияпаттар жасалды.

Жұлдыз Мақатаев, шайырдың ұлы: *«Аудармаларды қарадық. Соның ішінде бұрынғы Совет одағының түркі республикалары Әзербайжан, Түркменстан, Қырғызстан, Өзбекстан және татар мен башқұрт тілдеріне де аударылыпты. Өте жақсы, сапалы аударылған. Біз әулет атынан осы*



Түрксой қызметкерлеріне, аудармашыларға өз ризашылығымызды білдіреміз».

Авни Чакыр, Кастамону провинциясының губернаторы: *«Қазақстанның дүниеге танымал ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойын және кітабының түркі тілдеріндегі жинағының тұсаукесері, осынау игі шараның Кастамонуда өткеніне*

ризашылығымыз зор. Бауырлас елдердің рухани шараларын өткізу – біз үшін үлкен мәртебе».

Салтанатты шарада қазақ пен түріктің ән-күйі шырқалып, бишілер мың бұрала билеп, қонақтарға тамаша көңіл-күй сыйлады. Бұдан бөлек, осы жиыннан соң, түркі елдерінің мәдени астаналары туралы фото-көрме де ашылды. Көрме ашылған соң, Дүйсен ағам жәй ғана жаныма келіп: «Дұрыстап амандаса алмадым, қалайсыңдар?» – деп хал сұрағанда, еңсеміз көтеріліп, назарға қарық болдық...

ТҮРКСОЙ-дың Бас Хатшысы Дүйсен аға Қасейінов бастаған Кастамонудың губернаторы мен мэрі қоштаған қонақжай, бауырмал елдің кешкі асын бірге іштік. Керемет аура. Салқын самал. Бір кезде ешқандай дабырасыз, үнсіз ғана мені төрге ыммен шақырып, гүл шоқтарын ұсынғанда, бақыттан төбем көкке екі елі ғана жетпей қалды. Күніге қошемет көріп, гүл құшып жүргеміз жоқ...

Келер күннің бағдарламасын ойлап, кеш жатып, ерте ояндым. Сөйтсек, біз қонған қонақүй таудың 750м биіктігінде орналасқан екен. Сыртқа атып шықтым. Жақында ғана оқыған мына бір сырлы сөздер жадымда жаңғырып тұрды: «...Таудың кереметін тау көрмегендер қайдан біледі? «Тау» дегенді – «тегістіктен гөрі, биік жер» деп, қана ойлайтын шығар? Ал, тау – биіктік қана ма? Шомбалтасы мен шыңы, қалың қарағайы мен тұтасқан бұтасы, бұлағы мен бастауы, сайы мен жырасы, шөбі мен гүлі, аңы мен құсы, құдай-ау, қыруар тіршілік-тынысы – бәрі басқа жерде болмайтын, басқа жерде табылмайтын таңғажайып қой, тау деген! Бірақ, сол әдемілікті әркім көре де бермейді, көруге келе де бермейді. Өйткені, таудың көрінген шыға алмайтын құз-қиясы, кез келген түсіне бермейтін қыр-сыры толып жатыр. Төбедегінің көргенін – төмендегі көрмейді...» (Бексұлтан Нұржекеұлы, «Әй, дүние-ай!»).

Әй, қайдам, тау туралы «Таудан мен жаратылғам...» деген Мұқағали көкеме жеткізіп айтушы аз-ау...

«Ұйықтасам түсіме ылғи – тау кіреді,
Тау жайлап, тау қыстаған шал жүреді.
Басында ақ қалпағы, жүннен шекпен,
Астында балпаң басқан Сал-күреңі.
Сөйлесуге, менімен сырласуға,
Шақырады, кім білсін, мұңдасуға,
Енді жете бергенде, гайып болып,
Отырады басқа бір қыр басында.
Шақырады, отырып қыр басында.
Шыбындаған күреңі тұр қасында.
Тағы жете бергенде, гайып болып,
Отырады басқа бір шың басында.
Өліп-талып, оған да жетемін де,
Көз салам таудың алыс етегіне.
Шалым кетіп барады өз жәйімен,
Ер-тоқымсыз күреңі жетегінде...
Қалып қойдым, түсе алмай,
шың басында,
Кеш те келді, айналды түн басуға.
Шың басынан түсе алмай әуреленем,
Бір минутым тең болып – бір ғасырға...
Ұйықтасам түсіме ылғи – тау кіреді.
Түсінбеймін негылған тағдыр едің?!...
Тауда жортқан тағыдай алғыр едім,
Алғырлығым қай жақта – қалды менің?..»

...Тау қоршаған тұмса табиғатқа қарап тұрып Дүйсен ағамның азаматтық ісін аңызға айналдырып жіберген мына бір оқиға есіме түсті. Ғалым, рухани әкей Құлбек Сәрсенұлының өз аузынан естіген едім.

«1987 жыл шамасында біз Дүйсен Қорабайұлымен Құрманғазы атындағы консерваторияда әріптес болдық. Ол – ректор. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, жастардың орынсыз жазалануы ұлтшыл ректорды шамырқандырды ма, әйтеуір, Жоғары мектептің алды болып «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасын ашты да тастады. Қайыра еске салсақ, 1987 жыл КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ ұлтшылдығы туралы» қаралы Қаулысы қабындап тұрған сәт. Бодан елсің. Ұлттан басшы кадр өте-мөте аз. Бас көтердің-ақ, коммунистік империяның жендеттері (оның көбі қазақ) қылтадан қиып тастайды. Міне, сондай қысылтаяң шақта консерватория қабырғасында бұрын-соңды болмаған «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасын ашу – сұмдық ерлік. Ол аз болса, Дүйсекеңнің сол жылдары «Халық әні» кафедрасын да Москваға мойын бұрмай (Москваға қарайтын кез), өз бетінше ашқаны бар. Шынына келсек, бұл да – ұлт мүддесі үшін басын бәйгеге тігу! (Шамасы, Г.В.Колбинге «Желтоқсан қозғалысы – ұлт тілі теңсіздікке ұшыраған себебінен» деп дәлелдеп, қазақ тілін өркендетуге қол жеткізген Орталық Комитеттің идеология хатшысы Өзбекәлі Жәнібектің ықпалы да болса керек.) Мәдениет министрлігінде қызмет еткен 1975 жылдан таныс-білістігіміздің әсері болар, «Социалистік Қазақстан» газетінде қызмет істейтін мені кафедраға шақырды. Кафедра меңгерушісі – Байқадамова. Ол – басшы, мен – қосшы, осы жылдары Дүйсекеңнің, тіпті, жанына үңіліп, жақыннан біле түстім. Ол – кабинеттік ректор емес. Қолы қалт етсе, Москвамен ақылдаспай ашқан «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасына келеді. Шамасы, әрі қауіп ойлайды, әрі қуаныш көреді. Әңгімелесеміз. Журналист емеспін бе, сөз

арасында тілі орысша шыққан басшымның ана тіліне арнап кафедра ашуына, ұлттық пішіміне ризашылығымды айтып: «Оу, бұл ұлтшылдық» қайдан?» – деп, сыр тартамын. «Маған не келсе де, анамнан келген болар. Анамның ақ сүтін ақтасам! – дейді ол миығын тартып, сұлу мұртын бір сипап қойып.

Мұндай батыл шешім, батыр бітім, ірі іс, шоң шаруа – тек тау тұлғалы азаматтың ғана қолынан келетінін ойлап, көз жасыма еріксіз еркіндік бердім...

Әдетте, журналист жазбаларында өз сезімдерін кәсіби этикаға сай барынша жасырын ұстауға тырысады. Мен сол «инструкцияны» бұзып, керісінше, ішкі сезімдерімді жасырмауға тырысып бағудамын...

ПАЙЫМЫ ТЕРЕҢ ПЫНАРБАШЫ

Мұқағали ақынның тойы Пынарбашы ауданында жалғасты. Түскі астан соң, көркі көз тартқан Хорма каньонын жүріп өттік. Хорма каньоны – Түркияның Қара теңіз аймағындағы ең көрікті жерлерінің бірі ғана емес, ел табиғатының туризм орталығы болып саналады.

Зара өзенінің ғасырлар бойғы саяхаты кезінде пайда болған Куре тауларының ұлттық паркіндегі Хорма каньоны – қабырғаларының бойындағы үш шақырымдық ағаш көпірдің арқасында саяхатшыларға қолжетімді екен.

Дүйсен ағамыз арнайы делегацияның құрамынаерекшеқұрметкөрсетіп,қонақтардан бір елі ажырамады. Үш жыл салынған үш километрлі каньонды дәстүрлі әнші Бейбіт Мұса бастаған қазақтар Мұқағалидың жырларын оқып, домбырамен ән салып жүріп өттік...

«Ей, менің сайран мекенім!
Адамға бермес екі өмір,
(Әрине, болмас екі өлім)
Мен сенен ертең кетемін,
Айдынын қимас аққудай,
Айналып ұшып, өтемін.
Суыптап, бірде жылынғам,
Жүгіргем, бір жығылғам,
Жиырма бесімде ұғынғам,
Он алты жастың не екенін.

Ей, менің сайран мекенім!
Ей, жастық, ердің серті едің,
Ерке едің, ердің серті едің,
Лапылдап тұрған өрт едің,
Қаншама жанды жылытып,
Қаншама жанды өртедің?

Арыма, менің аяулым –
Елуге толар ертеңім!..

Қаншама қыстан өтпедік,
Қаншама рет көктедік?!
Еркесі болдық біз елдің,
Есерсоқ болып кетпедік.
Қиянды қалап, шептегі,
Қиындықтарға беттедік...

Ошағы сөнген үйлердің,
Оты болдық та, жағылдық.
Махаббатқа да сенгенбіз,
Ғашық та болып көргенбіз.
Баяны бар ауылға,
Қозы болып та келгенбіз.
Есерсоқ болып кетпедік,
Еркелей білдік елге біз!..

Ей, менің шуақ көктемім!
Көктемім – қимас өткенім,
Ей, менің қиын өткелім,
Қиналмай қалай өткенмін?!
Қалай да қалай кеткенмін?!
Қырыққа қалай жеткенмін?!
Саялы бақты бөктерім,
«Саяңнан кетем» деп пе едім?!.

Ей, менің қиын өткелім,
Қуанышым да көп менің,
Өкінішім де көп менің!
Шыт көйлек...
Белін бір бүрген,
Етегін желге ілдірген,
Омырауында бүлдірген,
Қасындағы қарлығаш,
Кетерін ұшып кім білген?!.»
(Мұқағали МАҚАТАЕВ).

...Мен де қағылездік танытып, ыңғайы келгенде, Дүйсен ағаны әңгімеге тарттым. Жетістігімізді айтып, мәз болдық. Кемшілігімізді де сөз етіп,ойланып қалдық.

Дүйсекең Мәдениет министрі қызметінде де талай іс-шара ұйымдастырды. Бірақ, «Судың да – сұрауы бар» екендігін жиі ұмытатынымызға қынжылды.

Елдің ырысы, мемлекеттің қазынасы есебінен «Болашақты» бітіріп кеп жатқан жастардың елге пайдалы жоба ұсына алмай отырғанына да қапа екендігін жасырмады.

Осынау орасан орайсыздықтар мен кемшілік-қателерге құдды бір кінәлі кісідей басым салбырап тыңдап келе жатып, Дүйсекеңе қарасам, көңілі қатты жабырқаулы екен... Ары қарай «ләм-мим» деп аузымды ашпадым...

Түрік ақыны Yusuf SÖĞÜTDELEN қазақ бауыры Дүйсен Қорабайұлына арнаған толғауы есіме түсті...

«Уа, Дүйсен!
Жадыңа түй, сен!
Уа, көңілі – нұр таңы,
Қорқыт ата ұрпағы.
Ясауидің ер ұлы,
Манастың да демі, үні.



Мен сені...
Түркіге ғашық жаныңнан,
Анадолыға асық шағыңнан,
Күлтегін Мәңгі тасынан,
Көздің аққан жасынан,
танидым.

Күңіренген қобыздың тілінен,
Жүзіңе жанасқан скрипка үнінен,
Мәуламаның демінен,
сопының нейінен,
Зікірдің мәнінен,
естідім сені.

Және де...
Білге Қаған: «Уа, Түркі ұлысым!
Шайқалып кетер ме, ырысың?
Халқыңды, салтыңды бұзар кім?»
Дегенде, жауабың тербеді сезімді:
«Бұза алмас, үзілмес тынысым!
Уа, жұртым, сен мәңгі тірісің»
Мен таптым содан соң өзімді!..»
(Түрік тілінен аударған PhD докторы Мұхит Төлеген).

Ет қызулықпен аяқтың ауырғанын сезбеппін, каньонға жеткенге дейінгі жол, кейінгі жолды есептегенде, бақандай жеті шақырым жаяу жол жүріппіз. Ауылда бие сауып, қой қайтарып, он таба нан жауып, жалаң аяқ майлы топырақты кешіп, аунап-қунап өскен бала емеспін бе?! Аяққиімді қолыма ұстап, жалаң аяқ жүріп, тамаша тұмса табиғатқа тамсанып, арасында «мен келемін тау ішінде» деп әндетіп, біраз жырғап қалдым. Тек бар ойым кейіпкерімде: «Шаршатып алмасақ екен» деп іштей уайым шектім...

Келесі бағыт – Аздавай ауданы. Шатақ шатқалына көтерілдік. Биіктігі – 2500 м. Бас айналып, көз қарауытты. Сөмкеміздегі дәріге жармастық. Әбден таудың құзар шыңына шығып алған соң, дене қызуымыз да бір қалыпқа түсті. Айнала түгел шыны.

Шатақ шатқалы дейтіндей бар, аяғыңның астына қараудың өзі қорқынышты һәм өзінше бір рахат. Кейіпкерімнің жанына жайғасып қал сұрадым.

«Аға, аяғыңыз қалай? Сізді ауыртып алмайық» деймін жанашырлық танытып. Жан-дүниесі сұлулыққа мелдектеген сұлу мүсін Дүйсен Қорабайұлының «жақсы» деп жымиғанының өзі – жаныңа шипа құйып, дәрісіз емдейтіндей. «Келмей, көрмей жүрген жері емес, осынша ұзақ жолды қонақтарымен бірге аралап жүруі – кішіпейілділіктің озық үлгісі ғой» - деп, топшыладым.

Кейіпкерімнің тағы бір аңызға айналған ерлігі есіме түсіп, сол арада мелшиіп қатып қалыппын. Бұл гәпті көп жыл ТҮРКСОЙ-дың Қазақстандағы елшісі боп қызмет атқарған Асқар Аға Тұрғанбаев гөй-гөйлеткен еді...

Консерваторияда ректор боп тұрған кезінде, Дүйсен Қорабайұлына жергілікті билік үй береді. «Баспана» деген о заманда да қазіргідей – қат. Бірақ, ректор Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ кәсіподақ ұйымының жетекшісін өзіне шақырып алып, үй кезегінде тұрған кісілердің тізімін сұрайды. Кім, неше жылдан бері кезекте тұр, отбасылық жағдайы қандай бәрін зерттеп, қарап, өзіне берілген үйдің кілтін жиырма жылдан бері жұмыс істейтін 4 баласы бар қызметкеріне береді. Міне, нағыз азаматтықтың көрінісі осы емес пе?!. Тіпті, аңызға бергісіз – ақиқат, нағыз ерлік.

Әлқисса, шатқалдан түсіп, кешкі асқа келдік. Ас үстінде кейіпкерім тағы да үлкен

маңызды әңгіменің шетін шығарды. Қазіргі қалам тербеп жүрген жастардың шимайынан да хабары бар екенін аңғартты. Әсіресе,



әдебиетшілердің тойы өз деңгейінде жазылмайтынын, оқырманға жетпейтінін айтқанда, әріптестерім үшін ұялғанымнан жер шұқылап отырып қалдым. Рас, қазір ішіп-жегеннен, келді-кеттіден асырып жазбайды. Тегінде, бұл іс-шаралардың ас ішіп, аяқ босату үшін жасалмайтындығын ұғынатын кез жетті.

Қиясына қонып, қанатын қомдаған қырандай Дүйсекең ішкі шер, шындық сөзін ағытып отыр:

«...Марқұм Осы кісінің кім екенін толық көрсету керек. Жылқыбаев келгеннен очерк жазып бастайтын. Қаншама толғанысты тегеурін, адуынды әсерлер алатынбыз. «Біржан-Сара» шығармасын сахналағанда да ортамызда болды. Біржанның бірбеткей болмысы мен Саранының сырбаз сұлулығын қалай бейнеледі десеңші! Қазір соның бәрі тарих болып қалды. Интернетте, әлеуметтік арналарда бәрі тұр. Оқып-көріп, біліп-бағамдау қажет. Тұрмыстық күйбең, отбасылық олақтық – талай талантты туындылардың тұншығуына әкеп соғады...»

Қазақтай бір елдің ағасы ғана емес, түркідей түгел жұрттың жағасы болып үлгерген Дүйсен Қорабайұлының үлкен басы, ақсақал жасымен дәп осы сапарда мазасы кетіп, түн ұйқысы төрт бөлінсе де, бізбен тізе қосып, ажырамай жүргеніне риза болдым.

Ақжарқын кейіппен ағамыз: «Өліп кетсем де барайын, «Мұқағалидің тойында жүріп қайтыс боп кетіпті» деген – дұрыс сөз ғой» деп қалжыңдап күлгенде, «Бәрекелді, 100 жасаңыз!» деп, шу ете қалдық.

Мұндай асылын адам өлімге қайтіп қисын?! Сол арада енді 10 жылдан кейін Мұқағалидің 100 жылдығын, Дүйсен ағаның 85 жылдығын бірге тойлаймыз деп тарқастық. Сөз өнерін серік еткен мен пақыр да сол арада дұға жасап үлгердім. Әмбе жолаушының дұғасы кері қайтарылмайды деуші еді...

Қызым Еңлік те 10 жылдан кейін 26 жасқа келіп, осы салаға шапқылап қызмет етуді жазсын! Әмин!

Бұл сапарда бір оқпен – екі қоянды алғандай сезімде болдым. Қызымды қасыма ертіп жүрген себебім: «Мың естігеннен – бір көрген артық» демекші, «керегін алар, өмірлік жолына азық болар» деп ойладым.

АРМАНЫ АСҚАҚ – АНКАРА

Сәтті сапарымыздың үшінші күні ТҮРКСОЙ-дың штаб пәтеріне келдік. Осындағы зиялы қауым, БАҚ өкілдерін шақырып, Мұқағалидің кітабының таныстырылымы өтті. Арманы асқақ Анкарада қазақтың ақиық ақынының есімі тағы бір рет ұлықталды.

ТҮРІКТІҢ ТӘТТІСІ

Хатай облысы Түркияның шығыс жағында орналасқан. Сонау аулақ мекен, алыс жақтан тәтті жасайтын шеф-аспазшы келіп, Дүйсен ағамыз бен ТҮРКСОЙ-дың құрметі үшін кунефе тәттісін әзірлеп-пісіріп берді. Ол тәттіден дәм тату – бізге де бұйырды.

ТҮРКІМЕН ТУЫСТАР

Түркменстанның Мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің күніне орай, жыл сайынғы дәстүр бойынша, Анкарадағы

Түркменстан саябағында ақын Мақтымқұл Фыраридің ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Жағалы жиынға Дүйсен ағамен бірге бардық. Барар жолда біраз әңгіме айттық.

Дүйсен Қорабайұлының түркі жұртының ынтымағын – өмірінің басты



критерийі еткенін тағы бір рет іштей мойындадым.

Ел басына күн туып, қазақ пен қырғыз қырғиқабақ болғанда, екі елдің ынтымағын ойлаған Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ ағамыз асқанептілік танытып, өнер шарасын ұйымдастырды.

Мұның өзі суық көңіл, сенімсіз мезгілде, белгілі бір дәрежеде, қауіптірек те еді. Бірақ, қазақтың қайсар перзенті нартәуекел еткен. Нәтижесінде қазақ пен қырғыз арасындағы жылы қарым-қатынас орнына келген.

«Ана кітапты қарашы» деп, көлігіміздің есігі жағын нұсқады. Қырғыз ағайындар шығарған «Түрк дүйнөсүнүн Дүйсөну» атты кітапты қолыма алып, риза болдым. Кітапты құрастырған Қожагелді ағамыздың «Мұрты да музыкадан жаралғандай» деген өлеңін оқығаным бар еді...

Мұрты да музыкадан жаралғандай!
Тұрысы мұқым ел-жұрт таянғандай!
Жайнаңдар жалғыз дағы, топта дағы,
Жаңа да, байырғы да саламдардай...
(Қожагелді Кулиев)

Дүйсекең сөзін жалғады: «Маған айтпай, әзербайжан бауырларым да мен туралы кітап шығарыпты. Қазақтар ғана шығарған жоқ» дегенде, қатты намыстанып, «ол кітапты мен жазамын» деген шешімді іштей сол арада қабылдадым...

Міне, Мақтымқұлға арналған жиындамыз. Сол арада менің есіме «Жан сарайы» авторлық хабарыма ғалым, теолог Досай Кенжетай ағамызды кейіпкер еткенде ол кісі Мақтымқұлдың Яссауиге айтқаны айтқаны есіме түсті. «Ей, ғашықтардың пірі, менің сахиб жамалымды көрдің бе, яғни, менің Алламды, ғашығымды көрдің бе, ғашықтардың ғашығы!»

Толқыдым! Қандай сәйкестік десеңізші! Яссы топырағында бұл сөздердің қадіріне дәп осылай жете алмаған шығармын. Ештеңе жәйдан жәй болмайтынын білем. Алланың үкімінсіз адамды бал арасы да шақпайды...

МӘДЕНИ АСТАНА– ҒАСЫРДЫҢ ҚЫМБАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ТҮРКСОЙ-дың шешімін тапқан ең ауқымды жобаларының бірі – 2012 жылдан бері жыл сайын түркі жұртының бір қаласына «Мәдени астана» мәртебесін (статус) беріп, түгел түркі бауырлар жыл бойы жиналып, бір-бірімен танысып, аунап-қунап, мәдени-рухани байланыстарын нығайта түседі. Ал, мәдени астананы таңдаудағы басты талаптардың (критерий) бірі – шаһардың тарихы бай, тәлімі қазыналы әрі көненің көзі көрген ежелгі мекен болуы керек.

Мәдени астананың келесі бір келісті мақсат-мүддесі – туризмді дамыту арқылы түркі дүниесінің ғасырлық қымбат құндылықтарын әлемге паш ету.

***

«TURKSOY» халықаралық ұйымының тегеурінді де табанды басшысы Дүйсен Қорабайұлының күнделікті қапылыс, ағымдағы арпалыс, аттың жалы-түйенің қомындағы қарбаластарын санамалап шығу мүмкін емес: қазақтың ұлттық тағамдары, салт-дәстүрі,

ән-биі, өнер-өрнегі түгел көрініс тапқан Еуропадағы Наурыз мейрамының дүркірей тойлануы мен қазақтың киелі күйі өнерінің аңыз алыптары Дина мен Тәттімбетке арналып саябақтардың ашылуының өзі неге тұрады?!.

Дүйсен Қорабайұлы ҚАСЕЙІНОВтің әр сәті мен күні, әр ойы мен әрекеті – түбі түгел, тамыры терең түркі жұртының бірлігі мен бітіміне, бақыты мен баянына арналады.

Осы бір қазақтың түгелдей түркі баласын жанындай жақсы көретін қажырлы перзенті Дүйсен Қорабайұлы ҚАСЕЙІНОВ тізгінін ұстап, телегей тер, орасан бейнет сіңірген «TURKSOY» ұйымы – иісі түркінің асқақ рухының ақ байрағы болуға әбден лайық!

Ақ пейіл, тоқ көңілмен мұқым түркінің мақтанышы, ер түріктің бесігі–Мағжан (ЖҰМАБАЙ) ақын:

«Ескі шаһар – таң дүние,
Салар болсаң назарың,
Не көресің?
Көресің –
Майдан сайын –мазарын.
Мазар сайын –мың сопы,
Саулатып тұрған ғазалын.
Не көресің?
Көресің –
Мөлиген мешіт ажарын.
Мешіт сайын – сан молда,
Аңыратып тұрған азанын.
Не көресің? Көресің –
Ыңыл-жыңыл базарын,
Бүлкілдетіп әр жерде,
Қайнатып жатқан қазанын.
Не көресің? Көресің...
Тоқтайын, талар назарың!»–деп жырлаған ескі шаһар, көненің көркі, жаңаның серті – киелі Түркістанға бет түзедік...

***

Дүйсен ағаны түсінуге, түйсінуге тырыстық. Ер мен әйелдің арасындағы сыпайы сыйластық қана емес, селкеусіз сенім мен ақаусыз құрметке ұмтылдық. Сыр айтып, мұң бөлістік. Түркі баласының арманын айттық, алаштың асыл қасиетін сөз қылдық, қазақтың бүгініне алаңдап, ертеңіне елеңдедік...

Тым-тым алыстан, сонау Шалкөденің қиырынан Мұқаш көкеміздің әлсіз дауысы құлағымызға талып жеткендей болды...

(Жалғасы бар)

Гүлжаз ҚАРЫБЕККЫЗЫ,
Turkistan-Bishkek-Ankara-Stambul-Almaty-Turkistan.











ЖАҢА КІТАП

ТЫҢ ТАЛПЫНЫС, ЖАҢА ЖҮЙЕ

ХАЙРУЛЛА ҚОЖАБАЕВТЫҢ «ТАНЫМ МЕН ТӘЛІМ» КІТАБЫ 20 МЫҢ ДАНАМЕН ЖАРЫҚ КӨРДІ.

2014 жылы Хайрулла Қожабаевпен алғашқы рет кездескенімде, интеллигент адамының таза киіммен цехтарды аралап, суретке түсіріп әрі қажетті ақпараттарын өзіне жазып жүргенін көрдім. Содан бері біздің өміріміз жаңа арнаға бұрылды. Басшымыз ұжымды кайдзен идеологиясымен таныстыра бастады. Жапондық жүйені енгізу ісі толығымен мақұлданғанымен, алғашқы уақытта қиыншылықтар кездесті. Көпшілік жаңа жүйені терең түсіне қоймаса да, ауыр жұмыс жүктемесіне қарамастан, жақсылыққа өзгертуге үндейтін жаңа жүйені күн сайын үйрене бердік. Зауыт менеджерлері әр сенбіде семинарларды ойын түрінде өткізіп, бейресми жағдайда жұмыс процестерін жақсартуға ұмтылды.

5S жүйесі бойынша, жұмыс орындарынан қажет емес заттарды сұрыптау мен жоюдан бастап, тазалықты ретке келтірдік: учаскелерде аяқ алып жүргісіз, шашылып жатқан құрал-саймандар мен заттар өз орнын тауып, жинақы жүйеленді. Жетілдіру мен жақсарту жұмыстары тоқтаусыз жүріп, қалыптандыруға (стандарт) ерекше мән берілді.

Хайрулла Қожабаевтың тікелей бастамасымен кайдзен туралы түсінігіміз тереңдеп, қызығушылығымыз арта түсті. Жаңа білім, тың тәжірибелер алдық. Өндірісте дау-дабырасыз жетістіктерге жетуге болатынын ұғындық. Оқу мен үйренуге уақыттың ешқашан кеш еместігін түсіндік. Жапондық философиясы жаңашылдығымен сырын ашты.

Адамдарды әрдайым ынталандырып, шабыттандыруға құмар білікті басшы Хайрулла Қожабаевтың кайдзен кітабы – табысты бизнес жүргізудегі алғашқы отандық тамаша нұсқау. Өйткені кайдзен даналығы – адамды жақсылыққа өзгертеді.

С.А. ЗУБКОВ,
«Кентау трансформатор зауытындағы»
«Кайдзен» жүйесін енгізу жөніндегі
жұмыс тобының жетекшісі.

ЕЛ ІШІ - ӨНЕР КЕНІШІ

СУРЕТШІ СЫРЫ



Һәм құдай берген адамның жанары – сансыз нығмет. Жанардың сәулесімен жарық дүниені көресің, алуан түстерді ажыратасың, аққа – шомылып, қараға – тоңасың... Тіпті, жамандық пен жақсылықты да көріп, көңілге түйесің, не жек көресің, не сүйесің...

Адамның жанарының тереңінде тығылған бір зор құпия бар, оның аты – сүйіспеншілік. Сүйіспеншіліксіз – жанарың да семіп қалатындай, көкірегің де кірлеп кететіндей...

Сол сантүсті саралайтын көздің нұры мен жақсылыққа іңкәр жүректің сүйіспеншілігі – адамның күллі тағдырына қоңырау тағып, мәні мен мағынасын айқындап береді...

Сүйіспеншілік артқан сайын, көз жанарың өткірлене түседі...

Көкірек сарайың ашыла береді...

Жүрегің – сезгіш, санаң – тазарғыш келеді...

Сірә, сұлулықты дөп танып, жылулықты дәл сезетін суретшінің жанарының сыры да осында жатқан шығар...

Қазақтың бұл қара баласы Қаратаудың етегіндегі руы тұтас ауылда дүние есігін ашты. Сырдың бойын жағалағынмен, Бірлік қыстағы былжыраған қара балшығы аз, тастақты болып келетін. Кейде тау мен даланың арасындағы алтын көпірдей көрінетін.

Табиғаттың қос ғажабының түйіскен тұсының ерекшелігі әсер етті ме, әлде, болмысы сұлулыққа құмар ма, әйтеуір, жеткіншек қалт еткен бейнені, жалт еткен суретті санасы сезіп, көзі көргіш қабілетпен жетілді.

Қазақ топырағында данагөй қария мен ақылман ақсақалдар көпболған. Сыр сүлейлері сол толағайлы топтың ажырамас бір бөлігі ғана. Бала Мұрат та Сыр сүлейлерінің өлеңжырларын есітіп есейді, жадына сақтап өсті.

Майлықожа жырау Сұлтанқожаұлы «Қоян жылы тумады көктен жаңбыр...» атты толғауында:

«Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр,
Қабағы шаруалардың болды салбыр.

Қысты күні болғанда қар тынбады,
Айуанға өлім жетті аштан әрбір...
Не таптың мастанғанмен,
қазақ, мұнан,
«Қара су – бал» деп іштің,
сүтті қылаң.
«Ашқа – құдай береді» деген сөз бар,
Әлі де қабыл болсын қылған тобаң!» – дегенде, қыстың қаттылығымен қоса, табиғаттың құпияларын да дөп суреттеп отыр.

Табиғаттың тамашасы, жердің жасылы, жауынның нөсері, күннің шапағы, гүлдің иісі, жидектің жемісі т.с.с. бәр-бәрі көзімен қатар, көкірегі ашық адам үшін – таусылмас ләззат, түгесілмес рахат!

Табиғат көріністерін қылқаламға іліктіру, әралуан бояуларды өрістету, түр мен түсті үйлестіру, ой мен қиялды байытып-ойнату – кез келген қалам ұстаған суретшіге берілген еселі енші де, баянды бақыт емес.

Бейнелеудің бақуатты өнерінде метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет тәрізді әсіріе-күшейткіштерінің қауқары болмайды. Мұндағы құдырет: көз пен көңіл.

Көреген көз, телегей көңіл...

Осы екі құбылыстың біреуі кем тартып, кері қайтса: ғажайып жоқ. Туынды тумайды.

Туса да, толқыта, тебіренте алмайды...

Кәзір қазаққа тыныпып қалған суретші Мұрат Нұрмағанбетұлы Шаханбаевтың да жастық арманы, жігіттік тілеуі – тым алысқа шапқан. Арысы – Мәскеу, берісі – Алматыға ат шаптырмаққа қиялданған...

Осыдан тура қырық жыл бұрын дүние есігін ашқан адуынды жастың балалық дәурені мен жігіттік кезеңі аласапырандау, алаңдаулы уақытқа тап келді. Алып та озбырлы елдің іргесі сөгілді. Есесіне, өз елі, төл жұрты бостандық самалын жұтты. Қазақ баласы қаһарына мінген Желтоқсанның ызғарлы жылында алтын ұяның табалдырығын аттап, тәуелсіздіктің жарты мүшелінде тебіндеп мұрт шығып, атын тебініп, Түркістан асты...

Білім алу мен білік жиюдың елең-алаң жылдары, алдымен, 2005-2009 жылдар аралығында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша басталып («Бейнелеу өнері және сызу мұғалімі»), 2009-2011 жылдарыаталған оқу ордасында «Бейнелеу өнері және сызу мамандығының магистрі» академиялық біліктілік дәрежесімен жалғасын тапты.

Бір мезгіл жас суретші, балғын педагог өзінің туған білім ошағындағы аға оқытушылық қызмет «Спорт және өнер» факультетінің «Дизайн және бейнелеу өнері» кафедрасында кескіндеме, композиция, практика пәнінен дәріс беруден басталды. «Бейнелеу өнері» кафедрасында аға оқытушы

Қаламы төселіп, қалпы түзелген суретші һәм ұстаз бүгінгі таңда жүзден аса кескіндемелік шығарамашылық жұмыстардың авторы. Ірі-ірі 15 ғылыми еңбек жазса, оның ішінде, екі оқу әдістемелік құралы бар. Сонымен қатар, үздік туындылары республикалық, халықаралық ғылыми 2 және 1 импакт фактор басылымдарында жарық көрді.

Тілге тиек етерлік тағы бір татымды табыс: Мұрат Шаханбаевтың қабілетті шәкірттерінен құрылған «Ясауи» командасы қатарынан бес-алты жыл Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде өткен Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындары студенттерінің Республикалық пәндік олимпиадасында «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша II, III-орындарды иеленді. Ерен елдің есіл тізімінде екінші келу – елеулі жетістік болатын.

Мұрат суретшінің қаламының сыры мен сымбаты, әсіресе, ұлттық тақырыптарда жарқырай көрініп, күндей айшықтанып, ашыла түседі.

Мерейлі мерекеміз Қазақ хандығының 550-жылдығына арналған іс-шарада қазақ хандары мен билері және понорамалық картина жазуда белсене жұмыс атқарып, алдына қара түсірмеді.

Ал, «Орбұлақ шайқасы», «Қыз ұзату дәстүрі», «Қазақ даласындағы аң аулау көрінісі», «Алтын адамның көкпар тамашалау сәті» атты туындыларда сұңғыла суретші Шаханбаевтың шалымды шабыты, алымды шабысы атойлап, рухымызды қамшылады, жігерімізді жани түсті. Аталған дүниелердің тереңіне түсе алған өнерсүйер қауым суретші сырының сыралғы мән-мағынасына қанығa түсті. Мұндағы артық-кемі жоқ кескіндер мен бояуы қанық бейнелер, әрбір детальдің дәл көрінісі мен дөп орыны – туындылардың бағасын биіктетіп, туын желбірете түсті.

***

Түркістан топырағының талантты суретшісі Мұрат Нұрмағанбетұлы Шаханбаевтың туындыларында ұлттық дүниетанымның ғажайып бейнесі көрініс тауып, өмір сүрген ортасы, әдет-ғұрпы, салт-санасы айшықты бояумен анық айқындалады.

Сыр бойының келесі бір келісті сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлы «Қамын ойла халқыңның» өлеңінде:

«Қайратты туған ер болсаң,
Қамын ойла халқыңның!
Жетім менен жесірге,
Өзі бол жүзі жарқынның!» – деп, соңында қалған оғлан-ұрпаққа, ер-жігітке «күш-қайрат,

талап-тілек, талант-қабілет, еңбек-бейнетті туған халқыңа, төл отаныңа, өзіңнің елің мен жеріңе арна» деген өсиет етсе, Мұрат Нұрмағанбетұлының шебер қаламынан шыққан құндылықтардың қасиеті – адами, имани һәм азаматтық көзқарас шынайылығын байқатады.

Шаханбаев шығармашылығының ортақ темірқазығы – жақсылық пен жылылық, ізгілік пен игілік, иман мен ислам. Қайсыбір туындысына көзің түскенде, көсілте тартқан көкпар, бастырта шапқан бәйге, қияға тартқан сұңқар, көсіле озған тұлпар еріксіз елестеп, делебең қозып, денең шымырлайды...

Қас шебердің нақты насихатшыл, мейлінше мінәжатшыл көрініс-туындылары –қоршаған орта, туған табиғаттағы тіршілік иелерінің бәріне шынайы жанашырлығынды оятып, ғибратқа бас идіреді.

Имандылықты, әділдікті, шыншылдықты, тазалықты, адалдықты көксеген тақырыптық ауқымы өте кең Шаханбаев шығармалары – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан сұлу да сырбаз өнердің ертеңіне сендіріп, еліміздің сара жолды ерендігіне меңзеген-ді.

Еңлік ҚАЛДАРХАН,
Түркістан.














TURKISTAN AIRPORT





ОҚЫРМАН ОЙЫ

«Сарасөзден» өзімді тапқан секілдімін!»



Тақа-тақ... Тақа-тақ... Тақа-тақ... Шақа-шақ... Шақа-шақ... Шақа-шақ... Гүу-үу... Гүу-үу... Гүу-гүу... 076 пойыз. Қарағанды-Түркістан бағыты. Жазғы сессиямды аяқтап, үйіме қайтып келе жатырмын. Сағат бірлер шамасы. Вагонның іші абыр-сабыр. Жастар ұйқысынан енді оянып жатса, үлкен әжелер қою қара шайды демдеп, көршісімен әңгіменің түбін түсіріп келе жатыр. Мен болсам дархан даланың сұлулығына қарап ойланып отырмын. Бүгінімді... Болашағымды... Қалың ойға шомып кеткен мен бір кезде дызылдаған дыбыстан селк ете қалдым. Жан-жағыма қарасам телефоныма анам қоңырау шалып жатыр екен. Енді ала бергенде байланыс үзілді де кетті. Байланыс жақын арада ұстамайтын шығар, телефонымның қуат көзі таусылып қалмасын деген оймен өшірдім де сөмкеме сала салдым. Сөмкемнің сыдырмасын сыдыра бергенде, жолда оқимын ғой деп алған кітабыма көзім түсті. Дереу сөмкемнен шығардым да парақтай бастадым. Тұнып тұрған мораль. Әр беттегі мәтін қателігіме ұрсып жатқандай көрінді. Оқыған сайын өзімді жегідей жеп бара жатырмын. Бір сәтте шыдай алмай кітапты тарс жаптым да үстелдің үстіне қоя салдым. Ішімде түсініксіз сезім басталды. Алай-дүлей. Осыдан бірер сәт бұрын жадырап отырған қыз, енді жаны құлазып отыр.

Қасымда жасы шамамен елуге жақындап қалған ер адам отырған. Түр сипаты мен сөйлеген сөзіне қарап, зиялы қауымның өкілі деп іштей топшалағанмын. Бір кезде қасымдағы көке:

- Қызым, осыншалықты қиналатын болсаң, неге оқып жатсың? - деп тосыннан сұрақ қойды.

- Көке, қиналу үшін емес, өзімді дамыту үшін оқып жатырмын, - дедім мен әлсіз үнмен.

- Өте қатты қателесесің. Дамытатын дүние ең алдымен, саған жан тыныштығын сыйлайды. Тыныштық орнаған кеуде ғана дамуға қарай қадам басады, - деді.

Қасымдағы көкемнің әңгімесіне айтар

сөз таба алмадым ба әйтеуір, үнсіз ғана терезеге қарап отыра бердім. Арадағы сәл ғана үнсіздіктен кейін көкем:

- Қызым, міне, сенің жан тыныштығың осы жерде, - деді маған күлімсірей қарап.

Жаныма жақын бір кітап берді ғой деп қуанып жалт қарағанда, алдымда бір журнал жатты. Аты - Сарасөз. Маған таныс емес атау. Қолыма журналды ұстап тұрып, ішімнен журналдың дәуірі біткелі қай заман деп ойлап қоямын. Қасымдағы көке шынайы ниетімен бергенін сезіп тұрған соң, бұл журналды оқымау күнә деп ойладым да бірінші бетін аштым. Әдемі дизайн мен көркем сөз көзіме бірден түсті. Әрі қарай журналдың әр сөзін оқи түстім. Оқыған сайын қызықтырып барады. Сырлы сұқбат, поэзия, көркем әңгіме… Ең бастысы мені қинайтын мораль жоқ. Жұп-жұмыр мәтін. Оқып отырып ішімнен мынау мен ғой деп отырамын. Өзімді көрген сайын жаным жадырай түседі. Іштегі дауылдың беті қайта бастады ма, әйтеуір бірте-бірте тыныштық орнай бастады. Бір кезде вагондағы адамдардың дауысы қатты шыға бастады. Не болды екен деп жан-жағыма қарай бастағанда терезеден Шу станциясы деген жазуды оқыдым. Журналға беріліп кеткенім сонша, пойыздың тоқтағанын сезбей қалыппын. Ал, қасымдағы көке де түсуге дайындалып отыр екен. Түсерін бірден ұға қойдым да, журналын қолына ұстаттым. Сол сәтте көке:

- Қызым, журналға менсінбей қарамаңдар. Журнал мен оқырманның арасында ешкім байқай алмайтын бір рухани байланыс бар. Сол байланысты қадірлей алсаң, саған өзің күтпеген сыйды тарту етеді. Қолыңнан келгенше осы байланысты үзіп алмауға тырыс. Бұл менің саған айтар ақылым, - деді де пойыздан түсіп кетті.

Кітаптан ала алмаған ләззатымды журналдан ала алғаныма қатты қуанып, қиялыма қанат бітіріп, әрі қарай кете бердім. Таң ата Түркістанға жеттім. Демалып алған соң, мені дауылдан аман сақтап қалған Сарасөзді іздей бастадым. Алғашқыда әлеуметтік желідегі парақшаларын қараумен шектелгенмен, одан кейінгі уақытта журналға жазыла бастадым. Қолыма жаңа саны тиген сайын балаша қуанып, оқып біткенше асығатын хәлге жеттім. Журналды мұғалімдер мен журналисттер, өнер адамдарын есепке алмағанда, қарапайым көлік жүргізушісі, спортпен айналысатын жастар, студенттер, зауыттың төменгі санатты қызметкерінен бастап басшысына дейін оқитынын естігенде, кезінде осыны кім оқиды деп ойлаған ойымнан өзім қатты ұялдым.

Журналдың әр бетін ашқан сайын жанымды жегідей жеген ойдан бірте-бірте арылдым. Шын мәнінде біз мән бермейтін дүниелерден өзіміздің шынайы бейнемізді байқайды екенбіз. Сізде мен секілді журналды кім оқиды деп ойлап жүрген шығарсыз. Шынайы бейнеңіз мен рухани азығыңыз журналда екенін ұмытпаңызшы. Менің де Сарасөзден өзімді тапқаным секілді, сізде бір күні журналдан өзіңізді көретініңізге сенемін.

Құрметпен, **Гүл ТҰРАН-БЕК**



БҮТІНГІ ӘҢГІМЕ

ЗТВАР

МАРТИНИ-БАРЫНДА

Бесін ауа аздап зеріктім. Нью-Йорктың сұрықсыз қарашасы түгесілген, терезенің сыртында көңілсіздіктен басқа дым жоқ. Пәтер азынап тұр, компанияның сөлкебайын өз әмиянындағы қара бақырша қорғаштайтын үй басқарушы шал жерге қар түспей жылу қоспайды. Барға барып, бірдеме ішкім келді. Сейсенбіде қасыңа еретін қара болсайшы. Шашбауымды көтеретіндер табылар ма деп телефонымдағы ұзақ-сонар тізімді түгескен соң испан тілі үйірмесінде тапқан макаолық танысым қолдамақ еді, біраздан соң иті тоңазытқышта үш күн тұрған албырт балығынан уланып, жедел жәрдемге жөнелгенін хабарлады.



Ерқашты болған көтерем айғырша ыңыршығы айналып оныншы қабатқа зорға жететін лифтіні күткенімде ешқайда бармайақ, сыртқы есікті күзететін Биномен әжік-күжік әңгімелесіп, үйге оралсам дедім. Егер табылса маған да сондай бір жұмыстың құлағын ұстау керек. Торғайдың ұясынан сәл ауқымдырақ шыны үйшікке жайғасып, тұрғындарды қадағалайсың. Жаңа көйлек-көншек киген қыз-келіншектен тегін мақтауыңды аяп қалмайсың, көздері ақымақтықтан жарқырайтын жасөспірімдерге үнемі қабақ түйесің, әке-шешесіне еріп шыққан сәбилерге, “тәтті ботақан” деп тебірінесің. Рас-ау, өзіңе еш қатысы жоқ, біреу бағып-қағатын, біреу түнде жұбататын болғандықтан көшедегі барлық сәби айтарлықтай сүйкімді ғой. Бұдан басқа, сол үйшікте бұқтырылған шалқан кимчиімен рамен жеуге, көбірек жазуға уақыт табылар еді.

Бино күліп қарсы алғанымен, оның үстінен жасанды маржанмен әдіптелген жылтыр кәстөмді көргенде әңгімемнің өрбімейтінін ұқтым. Түнгі клубтың кемпірқосақ шамымен шағылысатын парша пошымды жамылғы Элвис Преслиге жарасатын шығар, бірақ, түбірі филипин Виноға ерсі. Ол үйшігіндегі екінші орындықты ұсынғанымен, не тізе бүгерімді, не шығып кетерімді білмей оған қарап ойландым.

- Бино, мына сүртікті қайдан алдың?

- Жараспай ма?
- Өзіңе ұнаса кие бер.
- Силверстон мырзаның сыйлығы.

Үшінші қабатта тұратын сиқыршы Силверстонның әлдебір шоуда қызмет атқаратынын білуші ем, Биноны өзінің ескірген сахналық киімдерімен жарылқапты.

- Жараспаса шешіп тастаймын!
- Шешпей-ақ қой.

Ән салатын ортаға мейлі, ал, көшеге осындай киіммен шығатындар "маған қарашы" деп айқайлайтындай, назарға мұқтаждай көрінеді. Бірақ, Виноға бәрібір, ол бүгін бұл кәстөмді әлемде бәрі жақсы екенін айту үшін киіп алған. Хромофобиям жоқ деп білемін, сонда да бұл жылтыр сүртікке қарап бойымнан қорқыныш пен ашулану түйсіктерін сездім. Үйшіктің босағасын аттай бердім де, кері бұрылдым:

- Бино, маған тездетіп жігіт табу керек!
- Қандай жігіт?!
- Ішің пыспасын деп сүйкімді ақ марғау сыйлайтын, әр ымыртта кездесуге шақырып гүл ұсынатын, Ли Сың Гидың дорамаларын бірге тамашалайтын жігіт.

Сыртқа шыға бөріжонданған атпақ көңілдің шоғы сөнгенін, өзіме әр қадамым айқын болса да, миллиондар маңғыған тыныс-сыз тіршіліктің көмекейіне жұтылғанымды сездім. Lexington даңғылы арқылы Cibar барына беттедім. Бұл өзі қандай да бір үлкен ғимараттың жертөлесіне қонақтағанымен, джаз ди-джейлері талғамдырақ һәм тапқыр, бамбук бақшасымен әрленген көне испан стиліндегі тып-тыныш мекен еді. Босағадан аттағанымда Butterfly Effect коктейлінің жұпарын аңғардым, бұлар спирттің өткір иісін басу үшін оған лаванда мен бұршақгүлді көбірек қосатын. Осы есіктен енгенде кеудемде ізгі кеңістіктің әлсіз шырағданы әлжуаз жарығын тұтатын, жүдеу тұңғиық пен джаз түндері мені ұрлап, мынау шулы қаладан жасырынып қалар жалғыз жер өзі екенін түсіндіретін. Мұндағы дәстүрлі мантинилер тамаша, бірақ, мені фантастикалық коктейлдер көбірек еліктереді. Өзімді жұғымды кейіпкер демеймін, таңдаулы болуға да ұмтылмаймын, соған қарама-қарсы жағымсыз құлқымды да барынша тұсаймын. Күлемін, жылаймын, қателесемін, сол дағдыммен осында адасып кірген сарай ақсүйегінің келбетімен күңкілдеп отырмын: Сонадайдағы бойжеткеннің топылайын жаратпадым, әсілінде жайтабан сүйретпе үй шаруасындағы әйелге бұйырылған. Анау күлгін шаштың иесіне бір комплектіде гүлді маталар жиынтығы бір рет қана қайталануы заңдылығын мен айту керекпін бе, әлде анау тырна сирақты бокалдарды ысқылаумен әуреленіп отырған бармен бе? Түнде жазамын деген әңгімемнің нобайын еске түсірдім, ол екеуін қалай таныстырып, қалай табыстырғаным жөн? Бойжеткен себет толы алмасын төгіп алды да, бозбала оған көмекке келді. Бес жылдан соң екеуі әуе шарының ішінде, бір караттық… құдай-ау, сол жүзікке қалтамнан ақша шығарып, өзім төлемеген соң қиялдың шексіздігін несіне аяп қалмақпын, көлемі бес караттық гаухар жүзікпен ұсыныс білдірсе… мың бәленбай рет қайталанған, креативтің иісі шықпайтын мына әңгімеден гөрі Биноның бүгінгі кәстөмі жақсырақ еді деп түйдім. Неткен кепиетсіз, кеспірсіз сағаттар еді.

- Рұқсат па?

Еңсегей, құлансүйекті әлдекім. Cibar-дың жалғыз міні - аздап деміктіретін тарлығында, сондықтан, иін тіресіп жайғасу мұнда оңа емес.

- Отырыңыз.
- Қайдансыз?
- Жергілікті дей беріңіз. Жазушымын.
- Тамаша.
- Сіз ішесіз бе? - дедім.
- Ішпеймін. Ішіп те көрмеген нәрсем.
- Онда аздап ішіп көріңіз. Шын айтам, жақсы боп қаласыз, - дедім. Оны Манхэттеннің зімбір сырасы қосылатын, жұмсақ әрі нәзік мартинилерімен таныстырғым келді. Әдетте, жақсы мартиниды сөзбен сипаттауға тырысу - ақымақтық, оны татып, ләззат ноталарын басқан соң ғана сезінесің.
- Рахмет.
- Мұның дәмін тақуалар да татып көреді деп ойлаймын, әрине, қапелімде қайта оралған Иса пайғамбардан басқасы…
- Дұрыс айтасыз, мен сол Исаның дәл өзімін.
- Шынымен бе?
- Иә.

Түйсігіме сенемін, ол ешқашан алдаған емес. Бұл жолы да еш күмән байқамадым.

- Жерге қашан түстіңіз?
- Екі жыл бұрын.
- Сізді сонша қарапайым деп ойламаппын. Басыңыздағы әлгі тәж… Винчи кескіндейтін… жарық шашатын сәулеңіз қайда?
- Сүметілген ақ шапанды, нұрдан жасалған тақияны, жалпы, пайғамбарлық ережелерді ұнатпаймын.
- Ал, аспан жақ қызық па?
- Оны барып көру керек.
- Қайта оралғаныңызды білетін адамдар көп пе?
- Сіз бұл құпияны естіген екінші адамсыз.
- Қашан жарияламақсыз?
- Адамдардың жанарында өзгенің

«Мен - жазушымын. Жазушының уақыты өткенге, қазіргі қарбаласқа, үміттің ұшқыны бар келешекке де тиесілі. Адам өмірі ұзақ дегенде жүз жыл шығар, бірақ, жазушылық уақыт ғасырлардың жөңкілісімен өлшенеді».

сенімділігіне күмән келтіретін дабыл белгісін көрдім. Жариялау маңызды ма?

- Иә, маңызды деп ойламаймын.

Екеуміз де үнсіз қалдық. Интимдік саңылауы бар көмескі жарықты зал, менде барлық джаз табынушылары сүйетін Hanky-Panky, ал, тап қарсы алдымда жаңғақ пен шие қосылған түйе сүті коктейлін оң қолына алған Иса пайғамбардың өзі.

- Сонымен, жазушымын дедіңіз бе?

- Жазу мен үшін нағыз өмірдің өзі. Егер жазу болмаса мына әлемде мен де болмайтын сыяқтымын.

- Бұл өміріңізге жасаған қастандық емес пе?

- Сіздің көкке ұшып кеткеніңіз қандай шын болса, менің бұл әлемге жазу үшін жіберілгенім де ақиқат.

Осындай сөйлемдер арқылы өзіме от бергім келе ме, әйтеуір ессіздікпен ылғи өрекпимін.

- Айтпақшы, сізбен кездескен адамның не істеуі мүмкін? Мүмкін, селфилетерміз?

- Жарайды.

Телефонымның қуаты сөнгенін көрдім. Сосын сөмкемді қолға алып жиналдым.

- Сіз кетіп барасыз ба?

- Иә, қайтамын.

- Ерте емес пе?

Оның жүзіне қарап, әлгінде Биноға өзім баяндаған жігіттің тұрқын есіме алдым.

- Ерте емес. Себебі, сіз мен іздеген жігітке ұқсамайсыз. Сондықтан, бұл жерде қалғаным - уақытты құр шығындау ғана. Оның үстіне, менің уақытым жұрттыкінен бірнеше есе құнды. Құдай сізге жер бетінде екі рет болуға кепілдік берді, ал, маған ондай тағдыр-талай бұйырмаған. Сондықтан, тұзым түгесілмей тұрып жазуға үлгеруім керек.

- Сау болыңыз.

Көшеге шыққанымда қоңыр-мұнар ақшам көсіліп жатты. Жолай екі тілім пицца алып үйге келдім. Бино жылтыр шапанын әлдебір жейдемен алмастырыпты, қуырылған тауық қанаттарын сататын асхананың логосы бастырылған тегін көйлек оның денесіне қона кетпесе де алдыңғысы секілді жүрек айныт-пайды. Бұл жолы лифтіні де ұзақ тоспадым, мені күткендей дайын тұрған сатыға ілініп пәтеріме жеткенімде жағымды леп соқты, сараң үй басқарушы жылу жіберсе керек. Сосын, макаолық тамыр телефон соқты.

- Сөйтіп, сен маған ренжімедің бе?

- Мен өзгеге де, өзіме де ренжімеймін.

- Жақсы.

- Айтпақшы, барда шүйіркелесетін адам табылды. Иса пайғамбар жерге түскен екен, оның да іші пысып жүр ме, әйтеуір, оны-мұны сөз қып біраз отырдық.

- Солай ма? Сосын не болды?

- Оған бірге селфиге түсуді өтіндім. Келісіп-ақ еді, қас қылғандай ұялы телефонымның қуаты түгесілгені.

- Басыңа селфиден басқа жібі түзулеу идея келмеді ме?

- Тыңдашы… Илон Маск болса әңгіме басқа, ал, Иса пайғамбармен ортақ не бар, селфиден өзге маңыздырақ..?

- Иә, дұрыс айтасың.

- Сау бол.

Лира ҚОНЫС,
АҚШ, Нью-Йорк



ӨЗЕКТІ

ИНТЕРНЕТТІҢ әлегінен ҚҰТҚАРАТЫН әлем

Иә, қазір бәріміздің қолымызда заманауи смартфондар. Тіптен өмірімізді ғаламторсыз елестету мүмкін емес. Телефон арқылы онлайн табыс тауып отырған жандар үшін интернет үлкен табыс көзіне айналды. Әрине, ғаламтордың пайдасымен қатар зияны бар екенін айтпасақ та белгілі. Тіпті, телефон қазіргі жастардың рухани дерті. Ұялы телефон өзім қатарлы 16-20 жас аралығындағы жастардың жақын досына айналды десем де болады. Уақытымыздың көп бөлігі әлеуметік желідегі парақшаларды қараумен өтетіндіктен, кештің қалай болғанын байқамай да қаламыз. Кейде таң атқанша ғаламтордың сол бір қызығынан шыға алмай, жастанып жататынымыз тағы бар. Осылайша денсаулығымыз бен қоса өмірімізді болмашы дүниелерге құртып жатырмыз. Дәл қазіргі сәт біз үшін үлкен мүмкіндік. Яғни, нағыз дамитын, білім алатын, білмейтінімізді біліп, білетінімізді жетілдіретін жалындаған жастық шағымыз. Сол себепті уақытымызды босқа құртпай өзіміз үшін пайдалы дүниемен шұғылдансақ.



Ғаламтордан алшақтау менталитетке байланысты. Ұлттық рух мықты болуы керек. Егер ұлттық рух әлсіз болса сыртқы еліктеушіліктер көбейеді.

Дамыған елдердің озық тәжірибелерін пайдалана отырып, осы індетпен күресуімізге болады. Мысалы, озық технологиялы Жапония елінде ғаламтордан гөрі кітапты көбірек пайдаланады. Қанша мықты дамыған ел болса да газет оқу, баспадан газет, журнал шығару жылдан-жылға қарқынды дамып келеді. Жапондықтар газеттерді сенімді ақпарат көзі деп біледі. Ал, Қытай билігі желіге байланған жеткіншектерді кеселінен арылту үшін арнайы жаттығу лагерьлерін ашқан. Қазіргі уақытта Қытайда осындай 250 лагерь жұмыс жасайды екен. Ал, біз бұл дерттен қалай құтыламыз?

Әрине, өзім де жас болғандықтан қатарластарымның қазіргі жағдайы мен үшін таңсық дүние емес. Кейде өзім де телефонға кіріп кетіп, күнімнің қалай бос өтіп кеткенін білмей қаламын. Осындай кезде біз ең алдымен, өз-өзімізбен күресе білуміз керек. Әлеуметтік желіде өзіміз үшін пайдасыз адамдардың өміріне қызығып қарап отырумен емес, өз өміріміздің қызықты әрі пайдалы өтуіне жағдай жасайық. Өзіңіздің парақшаңызға кіріп қандай адамдарға тіркеліп, кімдерді көріп жүргеніңізге назар аударыңыз! Егер ол парақшалар сізге пайдасын бермейтін болса, асыл уақытыңызды текке құртып жүргеніңізді ұмытпаңыз! Ондай аккаунттардан бойды аулақ салғаныңыз жөн.

Мен жатар уақытта телефонымды үнемі төсегімнен алыс қойып қоюға және таңғы уақытымды телефонсыз бастауға тырысамын. Ғаламтордан ажырап кетпесек те, дұрыс пайдалану жолында өзіммен замандас жастарға кішігірім кеңесіммен бөлісуді жөн көрдім:

1.Қызығушылығыңызды табыңыз.

Иә, өзіңіз сүйіп жасайтын ісіңізбен айналысқанда телефонға артық уақыт құртпайсыз.

2.Жоспармен жүру.

Ертеңгі күніңізге жоспар құрып жатуды әдетке айналдырыңыз. Соның ішінде қанша уақытыңызды әлеуметтік желіге арнайтыныңызды жазып қойыңыз. Ол барлық күніңіздің пайдалы өтуіне көмектеседі.

3.Кітап оқу.

Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі.

4.Табиғатпен байланыс орнату.

Интернеттен алшақтаудың бір амалы таза ауа, әсем табиғатта демалу, тарихи жерлерге саяхат жасау.

Жоғарыда мен атап кеткен кеңестер кәделеріңізге асып жатса қуаныштымын. Интернеттен бір сәт алшақтап, салауаттылықты ту етіп ұстай отырып, пайдалы істермен айналысайық! Жеңістерге қадам басайық. Интернеттің әлегіне шырмалмай, пайдалы жағын ғана алуға болатындығын түсіндіруге тырыстым деп ойлаймын.

Ғаламторды дұрыс пайдалана білсек, тек өзімізге керекті пайдалы ақпараттарды алуға, білімімізді толықтыруға, т.б даму жолында қолдансақ, интернеттің зиянын көрмеспіз. Бәрі өз қолында, жас дос!

Зарина ӘБЕН,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Журналистика бөлімінің 2-курс студенті.





СҰХБАТ

Дәурен ТӘҢІРБЕРГЕНОВ:

БАСТЫ МАҚСАТ - ЖАУЫНГЕРЛІК ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨНЕРІН ДАМЫТУ

Түркістан облысында Олимпиадалық емес спорт түрлерінің дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда өңірде 10 спорт федерациясы жұмыс істейді. Жалпы, бұл спорт түрлерімен бүгінде 3 мыңнан астам спортшы шұғылданып келеді. Әзірге спортшыларға арналған 100 дана спорттық киім-кешек дайындалуда. Шілде айының соңында спортшыларға киім-кешек үлестіріледі деп жоспарланып отыр. Бұл туралы «Түркістан облысы бойынша жауынгерлік өнер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің басшысы Дәурен Тәңірбергенов бізге берген сұхбатында айтты. Ол Ассоциацияның 1 жылдан астам уақытта жеткен жетістіктері туралы сөз етті.

Дәурен Рахымұлы, Олимпиадалық емес спорт түрін дамытуды көздейтін Ассоциация 2020 жылдың 28 қаңтарынан бастап өз жұмысын жүргізіп келеді, хабардармыз. Алғашқы сауалым жаттықтырушылар саны қанша, жалпы бапкерлер жеткілікті ме?

Аталған қауымдастыққа кіретін федерациясында қазіргі таңда 115 штаттағы жаттықтырушы, 70 штаттан тыс жаттықтырушы, жалпы 190-ға жуық жаттықтырушы қызмет атқарады. 3 мыңнан астам спортшы аталған спорт түрлерімен шұғылданса, алдағы жоспарға сай спортшылар санын 5 мыңға дейін арттыру көзделуде. Түркістан облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы 2020 жылдың 1-қарашасында облыстық Ә.Нұрмаханов атындағы олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінен 15 штат бірлігі олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша берілді. Ал, биылғы жылдың қаңтар айынан бастап жаттықтырушы 30 штат бірлігі бөлінді.

«Túrkistan Arena» стадионынан қауымдастыққа арнайы кеңсе берілгенді. Бұл сіз басқарып отырған ұжым үшін қандай мүмкіндік береді?

Халықаралық талапқа сай спорт ғимаратында бірлестік мүшелері жекпе-жек өнерін жандандыру ісін талқылап, кездесулер өткізу дәстүрге айналған. Сондай-ақ, Олимпиадалық емес спорт түрімен айналысатын спортшылар спорт кешеннің жаттығу залдарында шығып, оқу-жаттығу шараларын өткізуге мүмкіндік алды. Салтанатты лента қию рәсімінде «Түркістан облысы бойынша жауынгерлік өнер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің Құрметті Президенті, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастығы, генерал-майор Әбілсейіт Дүйсебаев, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов, облыстық денешынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Данияр Исабаев пен БАҚ өкілдері қатысты. Кеңсе қауымдастықтың 1 жылдық мерейтойына орайластырылып пайдалануға берілді.

Жоғарыда қауымдастыққа 10 спорт федерациясы кіреді деп атап өттіңіз, олар қандай спорт түрлері?

Қазақстанның Жауынгерлік Өнер Ассоциациясының құрамында 25 федерация болса, соның ішінде 10 спорт түрі «Түркістан облысы бойынша жауынгерлік өнер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің құрамына кіреді. Олар: «Таеквондо ITF», «ММА аралас жауынгерлік жекпе-жек», «Панкратион және греплинг (AIGA нұсқасы)», «Самбо күресі», «Ушу Кунг-фу», «Муайтай», «KARATE», «Кикбоксинг», «Әмбебап жекпе-жек және спорттық пышақ лақтыру», «Пенчак силат» федерациялары. Жастар арасында бұқаралық спортты насихаттауды жетілдіре түсудің маңыздылығы жоғары. Сондықтан, барлығымыз бірігіп Олимпиадалық емес спорт түрлерінің халықаралық имиджін көтеру бағытында жұмыс жүргіземіз.

Спортшылардың бағындырған белестері мен жетістігі туралы не айтасыз? Артылған үміт ақталып жатыр ма қалай ойлайсыз?

Жыл басынан бері қуанышты жаңалықтарымыз баршылық. Оны біз әлеуметтік желідегі ресми фейсбук, инстаграм парақшаларымыз арқылы тұрақты түрде жариялап отырамыз. Атап айтсақ, Талдықорған қаласында 24-28 ақпан аралығында самбо күресінен және жауынгерлік самбодан ерлер мен әйелдер арасында ҚР-ның чемпионаты өтті. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған байрақты бәсекеде түркістандық балуандар 7 медаль еншіледі. Оның ішінде 48 келі салмақ дәрежесінде Қазақстанның 12 дүркін, Азияның 6 дүркін чемпионы, әлемнің 3 дүркін күміс жүлдегері Айжан Жылқыбаева жаңа салмақта жеңімпаз атанды. Түркістанның мақтанышына айналған самбошы қыз бұл додада 50 келі салмақта белдесіп, топ жарды. Әрине, алдағы уақытта спортшыларымыздан күтер үміт көп.

Негізінен сортшыларымыз облыстық, республикалық жарыстарда жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр. Бұл спортшыларымыз бен бапкерлердің еңбегі. Олар ата-аналарының және біздің мақтанышымыз. Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында Самбо күресінен 4-6 маусым аралығында өткен Азия чемпионатында Түркістан облысының спортшылары ел қоржынын 3 алтын, 1 күміс, 6 қола медальмен толықтырды. Сондай-ақ, шардаралық Құдайберген Данияр 75 келі салмақта панкратионнан Азия және Әлем чемпионатында жолдама алды. Арыстық аруларымыз Аяулым Әбубәкір мен Аяжан Ергентай тамыз айында ММА аралас жауынгерлік жекпе-жек бойынша Болгария мемлекетінің астанасы София қаласында өтетін әлем чемпионатына аттанады.

Бірлестіктің алға қойған мақсаты қандай? Алдағы жоспарыңызбен бөліссеңіз?!

Жекпе-жек өнерін дамыту бағытында спортшылар санын арттыру мен оларға жағдай жасау бойынша мүмкіндігінше қолдау көрсетілуде. «Халықаралық Туризм және меймандостық университеті» мен «Түркістан облысы бойынша жауынгерлік өнер ассоциациясы» арасында меморандум жасалды. Екі жақты келісім бойынша университет ішінен спорт клубын ашу, университет спорт залдарында оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру, мектеп спортшыларын аталған университетте гранттық негізде оқыту және жатақханамен қамтамасыз ету жоспарлануда. Сондай-ақ, Түркістан облысында жауынгерлік өнерді дамыту үшін жергілікті жердің қала, аудан әкімдерімен келіссөздер жүргіздім. Осы мақсатта Сайрам және Төлеби аудандарына іс-сапармен бардым. Басты мақсат – облыс көлемінде Олимпиадалық емес спорт түрлерін дамыту, тәжірибелі жаттықтырушыларды жасақтау мен оларға әдістемелік көмек көрсету. Спортшылардың оқу-жаттығу шараларына қолдау білдіру және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, облыстық, республикалық, Халықаралық жарыстарға баруға жағдай жасау.

Сонымен қатар, басты жаңалықтардың бірі – облыс орталығындағы 7 мөлтек ауданда жаттығу залдарының салынуы жоспарлануда. Оны жүзеге асыру үшін қала әкімдігімен жер беру мәселесін келісіп, инвесторлар есебінен салыну үшін үшжақты келіссөздер жүргізіледі. Әрине, ол алдағы уақыттың еншісіндегі ауқымды жоба. Уақыт сәті келгенде жағымды жаңалықтарымызбен бөлісетін боламыз.

Сұхбаттасқаныңыз үшін алғыс білдіремін! Жеңісті де жемісті күндеріміз көп болсын!

Сұхбаттасқан:
Нұртас КЕҢЕСБЕКОВ,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі.

ОЙТҰМАР

ҚҰДАЙДЫҢ БІЗГЕ БЕРГЕН СЫЙЫ - АБАЙ



Абай - қазақтың бағына біткен нар тұлға. Біздегі құндылық, болмыс, ойлау жүйесі деген танымдар жайлы Абайдан асып ешкім айта алған жоқ. Тарихи дүниетанымдық категориялардың сұрақтарына да жауапты Абайдың құнды аманатынан таптық. Керек десеңіз бүгін де әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби мен ғұлама ғалым, әулие Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерінің құндылығын Абайдың шығармашылығы арқылы түсіндіреміз.

Иә, Абай қазақтың Конфуциі. Оның сөз маржандарын тізген сыршыл өлеңдері мен терең мағынаға толы қарасөздері біздің баға жетпес қазынамыз. Ал, мұндай қазына XIX-XX ғасырларда өмір сүрген ұлт данышпандарының ешбірінде болмаған.

Абай «Саниғ ғашықтық» категориясынан сөз етеді. Мысыр, Таяу Шығыс, Түркия, Орта Азия, Еділ, Кавказ секілді мұсылман елдерінде бұл категория жайлы ешкім айта алмаған. Ендеше, Абай бұл мәселені не себепті көтерді?

Өзінің жүріп өткен тарихи жолындағы құндылықтарға реформа жасау ұлы данышпанның басты мақсаты болған. Оның қолында тарихтың өткені мен бүгінін таразыға салатын ойлау жүйесі жайлы құнды деректер бар еді. Оны жоққа шығара алмаймыз.

Қазіргі уахабистердің ұстанымы - өткенді жоққа шығару, өткенді қирату, өткенді «реставрация» жасау. Ал, Абай «реставрация» емес реформа жасағысы келді.

Пенденің мейірімі шексіз Аллаға деген ғашықтық сезіміне «реставрация» жасап, оның орнын басқа нәрсемен алмастыра алмаймыз. Абайдың пікірінше, Аллаға деген махаббатты өзгертпестен, оның дидары, принципі, мұратын танып, хақтың «Жамалына» емес «Саниғ» сипатына ғашық болған абзал.

Жамал сөзі тілімізде көркемдік, әсемдік, әдемілік, Алланың дидары деген мағынаны білдіреді. Ал, пенде сол жамалды бір көрсем екен деп армандап, іштегі ғашықтық оты үнемі маздап тұрады. Ясауи бастаған сопыларды да дәл осы мұрат орын алған.

Абай Алланың жамалына емес, тоқсан тоғыз сипатының бір сипатына ғашық болған адамдарды сопылар деп есептейді. Ойшыл, «дидардың» орнына «саниғ» сипатына талаптанғанды дұрыс көрген. Саниғ деген сөз Алла шығармашыл, Алла шебер, Алла мизам

жасаушы деген мағынаны білдіреді. Ясауидің принципі бойынша қарайтын болсақ, Алланың шеберлік сипатына ғашық болу. Бұрынғы көркемдікке, әсемдікке ғашық болу емес. Қарап отырсаң, Алла әлемдегі барлық нәрсені жаратты. Бізде соның зәрре сипаты бар. Біз сол үшін де Алланың «саниғ сипатына» ғашық болуымыз керек. Әрине, Алла бола алмаймыз, десек де тоқсан тоғыз сипатының біріне ұқсап бағуымыз қажет.

Ұлы ойшыл өзі өмір сүрген дәуірінде заман көшінен қалып қойдық деп санайды. Расында да, бізде қала, өндіріс, зауыт жоқтығымен қоймай, ғылымның да көшінен артта қалдық. Біз мына дүниені мықтап меңгеруіміз қажет. Ғылым болмаса, өнер болмаса не болады?!

Абайдың айтып отырған идеясы да осы. Бұлардың бәрін Алланың саниғ сипатынан табуға болады. Алланың «саниғ» сипаты бойынша ойлайтын, өздері шығармашыл, өздері бір нәрсені өндіретін адамдардың тобын хәкім деп атайды. Сондықтан, Абай хәкімдер дегенге исламның ғана емес, Еуропадағы бүкіл дін философтарын жатқызады. Яғни, Еуропаның я будданың хәкімі деп бөліп отырған жоқ. Хәкім деген сөздің бүкіл адамзатқа ортақ ұғым екенін айтып отыр.

Абайдың бұл ойлары өзімен бірге өмір сүрген ойшылдарға қатты әсер етті. Байтұрсыновты қарасаңыз да, Шәкәрім оқысаңыз да, тіпті, Әуезовтің бізге қалдырған 50 томдық шығармаларын ақтарсаңыз да, бәрі де Абайдың ізімен кеткен.

Абайға ғашық болғандардың біріншісі Шәкәрім болса, екіншісі Әуезов. Мұхтардың «Абай ата теориясын» жасаудың өзінде бір мән бар. Себебі, Абайдың жауһарын көрді. «Абай жолын» кеңестік идеологияға икемдеп жазып, Абайды «атеист, деист» етіп таныты. Неге? Себебі, Абайды мұра ретінде, құндылық ретінде жүйеге мойындату керек болды. Абайды қабылдағаннан кейін ғана орыстың жаһандануынан аман қалдық. Бәлкім, біз ұлт, болмыс ретінде жоқ болып кетер ме едік.

Абайды ғылыми процесстерге, басқа да ортаға енгізу бізді орыс глобализациясынан сақтап қалды. Сондықтан, Фараби мен Ясауиді насихаттағанда, Абайды да қоса насихаттауды ұмытпағанымыз жөн. Соңғы 8-9 жылда тыңдаушы «студенттерге» Фарабиді айта келіп, әрі қарай ойлау жүйесін айтсам қабылдай бермейді. Себебі, Ислам философиясының өзіндік ерекшеліктері бар. Айтқан ойды түсіндіру үшін тыңдаушы студенттерге Абайдың қарасөздерін жаттауға беремін. Жаттап болған соң, 38-ші қарасөзіндегі бүкіл категорияларды Фарабидің Алла туралы категорияларымен салыстырып бергенде көздері ашылып, жанарларында жалын пайда бола бастайды. Содан кейін әрі қарай ұмтыла түседі. Алғашқыда мен мынаны қабылдай алмаймын деп қорқып отырған қазақтың баласы Абайды айтқан кезде тамырына қан жүгіргендей болады. Дегенмен, жанына Абай жақын ғой. Содан кейін ғана Фарабиді бірте-бірте қабылдай бастайды. Ясауиді айтсаң да дәл солай. Жүздеріне қарасаң шаршаңқы болып отырады. Көздері ұйқыға кете бастаған сәттен бастап, Абайды айта бастаймын. Ақыл мен жан, мен, өзім деген ұғымдарды Абай былайша түсіндіреді деп айта бастағаннан, ақпаратты қабылдау оңай бола бастайды. Себебі, Ясауиден қарағанда Абайды түсіну әлдақайда жеңіл.

Бүгінгі қоғамның шіріп кеткен жүйесі, мені әкім десін, ақын десін, бай десін, қысқасы, десіндер категориясы жататын рияның көрінісі. Осы бір мәселенің шешімін, анықтамасын, нақты түсіндірмесін Абайдан табамыз. Сондықтан, ұлы ақынды ұлықтап, ардақтау бізге артылған міндет екенін естен шығармағанымыз жөн.

Досай КЕНЖЕТАЙ,
теолог-ғалым.



НАЗЫМ СӨЗ



Жұмабай Оспанұлы ӘМІРЕЕВ

1975 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданы, Шалкөде ауылында туған. 1992 жылы мектеп бітірген. Алматы қаласындағы Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясын театр және кино актеры мамандығы бойынша және І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдаған. 2000-2004 жылдар аралығында облыстық Бикен Римова атындағы драма театрында актер болып еңбек еткен. 2004 жылдан бері облыстық «Жетісу» газетінде қызмет етеді. Қазір осы газетте бас редактордың орынбасары. Ақын, ҚР Мәдениет қайраткері. ҚР Ақпарат саласының үздігі. Отызға жуық әннің сөзін жазған. Олардың бірнешеуін елімізге танымал Саят Медеуов, Төрегали Төрәлі, Роза Әлқожа, Нұрлан Албан, Нұрлан мен Мұрат және «Жебе» тобы орындайды. Сонымен бірге Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармониясы мен «Құлансаз» ансамблінің репертуарында орындалып жүр. «АЙ-ЗЕРЕ», «ҚАРАЖҰРТ» атты жыр жинағы мен «ЖАЛҒЫЗ ЖҮРЕК, САН САУАЛ», «Мінездегі МЕН» атты публицистикалық шығармалар мен «ДӘСТҮРІМ – ДИДАРЫМ» атты этнографиялық-танымдық кітабының авторы.

ҚОС ШЫНАР

Анаңды қадірлей біл тірісінде,
Онсыз алға баспайды бір ісің де.
Бесігіңді күзеткен кірпік ілмей,
Ұйқың тыныш болсын деп түн ішінде.

Әкеңді қадірлей біл тірісінде,
Онсыз алға баспайды бір ісің де.
Күйіңді емес, тартам деп күйігіңді,
Ақыретке кетпесін мұң ішінде.

Жәннаттың кілті анаңның табанында,
Сондықтан қалдырмағын нала мұңға.
Алланың мейірімін ала алмайсың,
Анаңның кірбің тұрса жанарында.

Әкеңнің ақ батасын құрметтесең,
Анаңның ақ жаулығын кірлетпесең.
Алланың разылығы сол емес пе,
Ортасында бүр жарып, бір көктесең.

Қарсы келмей Алланың әміріне,
Тірлікте жет ата-ананың қадіріне.
Өтіп кетсе бәрі де кеш болады,
Алтын күмбез қойсаң да қабіріне!

ӘКЕМЕ СЫР

Әке, сенің қолыма алып қауғаңды,
Тауға шығып қыр асып, қой бақпадым.
Балалығым қалған сол бір тауларды,
Жүрегімнің түкпіріне сақтадым.

Қимай-қимай тау-тасымды, даламды,
Жолға шықтым дәу қаланы бетке алып.
Кішкентайдан қиялшылдау баланды,
Арман құсы ауылымнан кетті алып.

Бір арманның жалын тартып мініп ем,
Елік болып екіншісі қашты алдан.
Осылайша жалғасып бір-бірімен,
Менің өмір жолым солай басталған.

Әке, менің – жайған малым өлеңім,
Қамшым – қалам, аппақ парақ – өрісім.
Аман болсам қайта айналып келемін,
Ауыл маған өкпелемес ол үшін.

Әке, сенің жалғастырып жолыңды,
Тауға шығып қой бақпадым қыр асып.
Сонда да әке көкке жайып қолыңды,
Маған ылғи бата беріп тұрасың.

АНАМДЫ САҒЫНҒАНДА

Мен бәріне қараймын
КЕШІРІММЕН,
Кесіріңнен аулақпын өшігуден.
Мейірімі арқылы АНАМ маған,
Кешіруді үйреткен бесігімнен.

Мен бәріне қараймын МЕЙІРІММЕН,
Кей адамға не табам кейігеннен.
Мейірімді санама құйып кеткен,
Айналайын, анашым, пейіліңнен.

Мен бәрін де тырысам ТҮСІНУГЕ,
Өкпе-назын үлкеннің, кішінің де.
Мінез-құлқы анамның бар болмысы,
Менің жан-дүниемде, пішінімде.

Шынымен анам бәрін кешіретін,
Қарамайтын біреуге өшіге тым.
Алқымына тығылған ашуды да,
САБЫРДЫҢ суын сеуіп өшіретін.

Жазғырып та жатпайтын тым өзгені,
Байқалмайтын жүйкесін мұң езгені.
Анама аумай тартып кетсе керек,
Менің жұмсақтығым да МІНЕЗДЕГІ!

Ешкімге өкпе айтпаған есіл АНАМ,
Керегем бүтін шүкір, көшім аман.
Мен әр туған күнімде анашымның,
Мейірімді дидарын есіме алам!

БАЛАЛАРЫММЕН ӘҢГІМЕ

Құлындарым!
Балалықтың татумен шырын дәмін,
Еркелеп жүрсің маған бүгін бәрің,
...Білмеймін алда қанша ғұмыр барын.

Несібемді бұйыртып атқан әр күн,
Бәлкім ұзақ жасаған қарт болармын.
Сәттеріңе куә боп елге сыйлы,
Шаттанармын, сендермен
мақтанармын.

Төмен емес, тең ұстап еңсемді елмен,
Мақтанайын шынымен мен сендермен.
Сақта лайым, құдайым ұл-қызымның,
Қылығына өкініп, кемсеңдеуден.

Бәрін көріп тұратын Жаратқан бар,
Айтқанымды ақылмен сабақтаңдар.

Жаман үлгі көрсетіп жүргенім жоқ,
Сендер де мені жерге қаратпаңдар.

Жүрсеңдер де бай болып, дара шалқып,
Алла алдында иманның бағасы артық.
Биік тақта отырған осы екен деп,
Адамдықты алмаңдар аласартып.

Ақылыма көріңдер терең бойлап,
Ар-намыстың қылышын берем қайрап.
Еркеленңдер көтерем, ал бірақ та,
Ессіз болып жүрмеңдер төбемде ойнап.

Шырақтарым,
Біліңдер алда талай сынақ барын.
Дақ түсірмей арына адамдықтың,
Адалдықтың төріне тұрақтағын.
Сонда Алла әкең мен анаң үшін,
Мәңгі өмірде ашады жұмақ-бағын!

Құлындарым,
Текке айтып отырғам жоқ мұның бәрін.
Жақсы әке боп қалуға тырысамын,
Кеудемнен шыққанынша
шыбын жаным.
...Білмеймін алда қанша ғұмыр барын!

ТЫҢДА, БАЛАМ
(үш ұлыма)

Тыңда балам, тыңда бір сәт әкенді,
Өмір мынау қызықты һәм қатерлі.
Өмір ойын – ойнап жүріп от бассаң,
Тағдыр сенің кешірмейді қатеңді.

Әке ақылы ұлға азық, тыңдап ал,
Жаралдың ба өмір өзі сынға алар.
Көкті тіреп тұрса дағы ешкімге,
Зияны жоқ биіктікті шыңнан ал.

Тыңда ұлым, тыңда әкеңнің ақылын,
Анық басқын жүрсең дағы ақырын.
Жағымпаздық, жылпостықтан
қаш балам,
Ол біздердің санамызға жат ұғым.

Адам болып бұл өмірге келдің бе?
Ой-санаңды бос күлкіге жеңдірме.
Жаңылысып, шалыс басып, сүрінгем,
Мен адасқан қисық жолмен сен жүрме.

Адам деген қасиетті ұлы ұғым,
Лайлама адалдықтың тұнығын.
Кім баласын жаман болып өссін дейді,
Ақылымды дұрыс түсін құлыным.

ЖАҚСЫ АДАМДАР

Сендер аман болыңдар
жақсы адамдар,
Жақсы адамдар бұзылмас тас қамалдар.
Табаның астында жатады әлі,
Пенделіктен өресі аспағандар.

Жақсы көрем сендерді, жақсы адамдар,
Жүрегіңде өйткені аппақ ар бар.
Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар,
Күйіп кетсін көре алмас пәтшағарлар.

Жақсы көрем сендерді мен неліктен,
Мінезіңмен мызғымас ерге біткен.
Адамдықтың алдында аласарып,
Биік тұрған қашанда пенделіктен.

Жақсы көрем сондықтан мен сендерді,
Мен де бір сәт көтеріп еңсемді енді.
Сендер салған адамдық, ардың жолын,
Болашаққа көрсетіп берсем болды.

Сендер жайлы шырқалар асқақ ән бар,
Күйіп кетсін көре алмас, пәтшағарлар.
Сендер аман болыңдар жақсы адамдар,
Қарап өссін сендерге басқа жандар.

ҚАРИЯЛАР

Қариялар, сарқылмас қазыналар,
Тарихымсың өшірмей жазып алар.
Қолдан келсе қарттарды ардақтайық,
Асылдың сынығы ғой қазір олар.

Қариялар, даналар, өр кемеңгер,
Талай сынын тағдырдың көрген ерлер.
Қилы заман басынан өткерсе де,
Жүрегінің жалыны сөнбегендер.

Өткен талай басыңнан заманақыр,
Куә болып оныңа дала жатыр.
Жазылмаған беттері тарихымның,
Көз алдымда азайып бара жатыр.

Шежіреден сыр шертіп жатқан удай,
Кеудесі асыл қазына қарттарым-ай.
Ортамызда қарайып жүре берсін,
Қарттарыма қуат бер патша Құдай?!

ҚАЙТІП НАДАН БОЛАЙЫН

«Атымды адам қойған соң»,
Ар-Иман болды жолдасым.
Көңілге түйген ойдан соң,

Абайдан алдым сөз басын.

«Ойға түстім, толғандым»,
Адамға ойсыз құр сән не?
Ой – деген қалың орманның,
Ішінен таптым бір сәуле.

«Аспаса ақыл қайраттан»,
Басыңды жарға соғарсың.
Келгенін білмей қай жақтан,
Бәлеге душар боларсың.

«Мен боламын демеңдер»,
Кеудені соғып, ісініп,
Болсаңда ірі кемеңгер,
Адамға керек кішілік.

«Күн артынан күн туар»,
Тіршілік демін үзбеуге.
Зерделі адам ұмтылар,
Ғылым мен білім іздеуге.

Тәңір берген несібем,
Өлең болды толайым.
Абайды оқып өсіп ем,
«Қайтіп надан болайын»!

ҚАРА ЖҰРТ

Бесігіңде өспесе де сан алып,
Есігіңнен басталған бал-балалық.
Қасиетті қараша үйдің орны деп,
Келіп тізе бүгіп тұрмын қара жұрт.

Қиялыммен көз жіберіп өткенге,
Сағыныштың қоңыр күйін шерткенде.
Бой көтеріп шыға келді әп сәтте,
Біз есейген шағын ғана төрт бөлме.

Ә дегенше санамда сан ой қаптап,
Еске түсіп, алаңсыз кез, әйбат шақ.
Тұлымшағын желбіретіп аулаға,
Құлын шағым шыға келді ойнақтап.

Мейлі мұны жәй ғана бір түс деңдер,
Ақынға тән қиялилау іс деңдер.
Міне, мынау әжем марқұм қынаға
бояп берген сақам алшы түскен жер.

Бәрі қызық сол балалық шақтардың,
Ол күндерді жүрегімде сақтармын.
Мына жерде тесілгенше табаным,
Лаңгі теуіп шаңын бұрқыратқанмын.

Әрқайсысы өз ісіне сүйініп,
Жүнін түтіп, бірі ұршық иіріп.
Күншуақта – ортасында әжем бар,
Отыратын төрт-бес кемпір жиылып.

Уақытында Алласына сиынып,
Кәрі еменнің бұтағындай иіліп.
Қаза қылмай намазын да оқитын,
Құлшылықтан бір ғаламат сый ұғып.

Анау жерге жүгіруге оқталдым,
Қиялымнан есім жиып тоқталдым.
Арқан есіп, алаша да тоқитын,
Қайран әжем, сен де елес боп қалдың.

Бүгін міне, сол күндердің бәрі аңыз,
Балғын шақпен сонша алыс арамыз.
Ірімшік, май, құртқа толы қоржыны,
Таудан келіп, мәз қылатын анамыз.

Бәрі есімде ұмытылған жоқ әлі,
Ойлап кетсем көзіме жас толады.
Анда-санда торы жорға болады,
Мында тұрған бос қораның қонағы.

Малдың бәрі қойлы ауылда, тау жақта,
Сондықтан көп ашылмайды дәу қақпа.
Картошка мен сәбіз ғана өседі,
Жеміс күтіп, ұстамаймыз бау-бақша.

Тыным бермей сезім оты лаулаған,
Қылығымен жүрегімді баураған.
Ең алғашқы махаббаттың үйіне,
Жігіт болып шыққам осы ауладан.

Алға қарай жетелеумен тәтті арман,
Қол үзгенмін қайталанбас шақтардан.
Балалықтың базарымен қоштасып,
Осы ауладан дәу қалаға аттанғам.

Мұның бәрі өткен күндер баяғы,
Қырық асып, орта жасқа таядым.
Төрт бөлмелі қараша үйде өткізген,
Міне, осылай шағын өмірбаяным.

Бұл күндері тұрғынымын қаланың,
Еркіндік аз, есептеулі әр адым.
Күйбең тірлік илеуінде келемін,
Қамын ойлап өсер бала-шағаның.

Қараша үй – қарашығында көзімнің,
Бәрі уақыт еншісінде – сезіндім.
Дәл бүгінгі балалардың бойынан,
Бал күнімді көре алмаймын өзімнің.

Содан болар ауылды көп сағынам,
Сағынам да құлазимын, жабығам.
Бірақ бәрі қайта оралып келмейді,
Амалсыздан уақытқа бағынам.

Қандай қиын, оралмайды бала күн,
Қимасамда тастап кетіп барамын.
Енді қашан ораларым белгісіз,

...Қара жұртқа бір бұрылып қарадым!

P.S.
Ошағыңның жылуынан нәр алып,
Босағаңнан екі ұл, бес қыз тарадық.
Қараша үйдің орны болып қалсаң да,
Қасиетіңмен қадірлісің қара жұрт!

СҮТ МӘШИНЕ
(Райгүл әпкеме)

Жаңалық жиырмасыншы ғасырдағы,
Кім оны кәдесіне асырмады?
Кезінде анам тартқан сүт мәшине,
Көзіме оттай ыстық басылғаны.

Бұл да бір қойлы ауылдың қызығы да,
Ірімшік, майын қамдап қыз-ұлына,.
Ыңылдап отыратын анам марқұм,
Қосылып сүт мәшине ызыңына.

Уақыт-ай, тоқтамай естің желдей,
Сүт мәшине сәл ғана ескіргендей.
Бір кездегі жағымсыз дауысынан,
Бүгін бір ғажап әуен естілгендей.

Күн кешкен алып таулар қойнауында,
Сол баяғы тіршілік қойлы ауылда.
Анам барда елеусіз сүт мәшине,
Сонша ыстық болар деп ойладым ба?

Сүт мәшине, бір қалып ызыңдаған,
Ырғағынан айналдым бұзылмаған.
Анам жоқ бүгін бірақ, өзің барсың,
Шүкірлік, артындағы қыз-ұл да аман.

Ақтарып балалықтың дәптерлерін,
Еске алдым бал күндердің сәтті өрнегін,
Анам салған әуен мен сол кәсіпті,
Жалғастырып келеді әпкем менің!

ЕКІ ӨМІР

Екі өмір – ауыл, қала арасы,
Қала жақтың тоқтамайтын шуы бар.
Ауылымның самаладай ауасы,
Жанға – шипа, суы – нәр.

Жұмақ екен туған жердің даласы,
Сонда екен ғой ырысың мен берекең.
Арманымның алып келген қаласы,
Мазасыздау жер екен.

Желік қуған жан емес ем мен мүлде,
Арман мені алып келген бұл маңға.
Енді, міне, жүргенімді көрдің бе,
Қолым жетпей шыңдарға.

Сағыныштан қайысып жүр қабырғам,
Жел аймалап, күн сүйгенмен
сыртымды.
Алыс жаққа алып қашқан ауылдан,
Арман сенде қызықсың-ау бір түрлі.

Сағымына шомылдырған көк белді,
Сағындырды ауылымның кештері.
Өздеріңе келмегелі көп болды,
Туған дала,
Туған ауыл кеш мені.



КӨНЕ ШАҺАРДЫҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ТАМАШАСЫ

ТҮРКІСТАНҒА КЕЛІП-КЕТУГЕ ТҰРАТЫН 11 СЕБЕП

ТҮРКІСТАН НЕСІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ? ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ТУРИСТЕРІ АҒЫЛЫП ЖАТҚАН ТҮРКІСТАНҒА КЕЛІП-ҚАЙТУҒА ТҰРАТЫН СЕБЕП БАР МА? ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗГЕ ӨЛКЕСІНДЕ ЖОҚ БРЕНД БОЛАРЛЫҚ НЕ ҰСЫНА АЛАМЫЗ?



1. Алдымен, сізді темір жол вокзалында уылжып піскен қойдың басы қарсы алады. Тойымды деликатестің дәмі көпке дейін ауызыңыздан кетпей жүретіні анық.

2. Түркістанға келіп тұрып Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етпеу – Парижге барып тұрып Эйфел мұнарасын көрмей кетумен бірдей.



3. «Арыстанбабқа – түне, Қожа Ахметтен – тіле» дейтін тәмсіл бар. Отырардың майлы тікенегінен қуат алған түйе сүті – қымыраннан дәм татып, Шәмші елінде түнеу – естен кетпес естеліктер сыйлайтыны даусыз.



4. Қырық құлаш ирек құдықтан зәм-зәм су ұсынар Үкаша ата құдығы – туристердің жиі асығатын мекені. Біреуге – шелек түбіне су шығып, екіншісіне – тамшы бермей, иман келтіретін құдық басы – қашанда Самарқан мен Бұхарадан ағылып жататын зияратшылардан арылған емес.



5. Көк күмбезі күнмен шағылысқан университет қалашығы да жақсы әсер қалдыратын сәулет мекені. Жаңа типтегі түркі кітапханасы, күмбезді кампустар, заманауи клиника, мың түрлі декоративті ағаштарымен саф ауа сыйлаған ботаникалық бақ – жастардың сүйікті



мекені. Студенттер асханасында жайпақ темір табақпен түскі ас ішудің өзі де – бір ғанибет!

6. «Керуен сарай» муниципальды кешені – Түркістан ғажайыптарының басы. Осындағы ұсақ-түйек кәдесый дүкендері, биші субұрқақтармен бірге «ойнаған» түнгі қайықтар шеруі, «Сиқырлы керуен» балалар ойын-сауық отауы, «Ғажайыптар театры», «Арғымақтар шоуалаңы» – барлығы ертегілер әлеміндегідей естен кетпес естеліктер ұсынатыны даусыз. Сан түрлі саябақ, мұражайларды айтпай-ақ қояйын...





7. Жаңа туған нәресте қызығына кәдеқүде ұсынар «Бесік базары», үй қажетіне керек мың түрлі заттармен қуантар «1001 ұсақ-түйек базары», темір тұлпарыңыздың бөлшектерін түгендер «Жауғашты» базары, арзан кәуап пен ыстық әсібінің буы мұрын қытықтаған «Әсіп базары», сөресі –құртымен, күбі – майымен, жал-жаясымен сіреskен «Шұбат-қымыран базары»... бәрібәрі он күн араласаң да тауыса алмас ғажайып «дала галереясы».





8. Анемия ауруына ұшырағандар үшін уатылып сатылатын аққемер кесегі, емдік адыраспан және «айырыспас достың көңілін қалдырған бір атым насыбай» да – Түркістан ерекшелігі.

9. Іш құрылысы аурулары үшін емдік қасиеті мол, өт шайып, асқазан-ішек тазалар, суының шипасы жағынан әлемдегі теңдесі жоқ үш артезианның бірі – «Шипа су» шипажайы да нағыз тынығатын орын.

10. Табиғатқұмарлар үшін құзар шыңдары көз тартар, таудың таза бұлағы асфальт жолды қуалай аққан Ащысай шатқалы мен Хантағы қорығы да – Түркістанның іргесінде. Ар жағында Жылаған ата мен Тесіктас, Ақмешіт пен Келіншектау да алыс емес.

11. Ең бастысы, түркістандықтардың қонақжай пейілі мен меймандос құшағы – Түркістанға бір келіп-қайтуға тұратын басты себеп!

Бекжігіт СЕРДӘЛІ,
Түркістан қаласы.





Индекс – 74974

1 жылға жазылу бағасы:
8000 тг

6 айға жазылу бағасы:
5000 тг

t.me/sarasoz

sarasoz.kz

Сарасөз журналы

+7 702 839 86 88